

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ



**KORKYT ATA
UNIVERSITY**

**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРЫНЫҢ
2020-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН
ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ
ЕСЕБІ**

ҚЫЗЫЛОРДА, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың әлеуетін арттыру.....	5
1.1 Кадрлық қамтамасыз ету	5
1.2 Штаттық бірліктер	8
2. Білім беру қызметін инновациялық қамтамасыз ету.....	9
2.1 Академиялық саясат және білім беру бағдарламалары	9
2.2 ЖОО контингентінің динамикасын талдау	10
2.3 Рейтинг: тәуелсіз бағалау нәтижелері	13
2.4 Қос дипломды / Бірлескен білім беру бағдарламалары	15
2.5 Білім алушылардың оқу жетістіктері	16
2.6 Үш тілді білім беру бағдарламалары	16
2.7 Біліктілікті арттыру	17
2.8 Пәндік олимпиадалар	17
2.9 Түлектерді жұмысқа орналастыру	18
2.10 Академиялық сапа комитеттері	18
2.11 Академиялық ұтқырлық	19
2.12 Кәсіби практика	20
2.13 Жаппай ашық онлайн-курстары	20
3. Инновациялық экожүйені дамыту.....	22
3.1 Жобалар шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы	22
3.2 Халықаралық жобалар	26
3.3 "ЖОО үздік оқытушысы" атағының және ректор грантының иегерлері	27
3.4 ПОҚ жарияланымдық белсенділігі және редакциялық-баспа қызметі	28
3.5 Диссертациялық кеңестер	29
3.6 "500 ғалым"бағдарламасы бойынша тағылымдама	30
3.7 Ғылыми-техникалық кітапхана	30
4. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік әріптестікті дамыту.....	32
4.1 Білім алушылармен тәрбие жұмысы	32
4.2 Спорттағы жетістіктер	33
4.3 Білім алушыларды әлеуметтік қолдау	34
4.4 Ақпараттық жұмыс және рекрутинг	34
4.5 "Бизнес-Старт" кәсіпкерлік орталығы	35

5. Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру.....	36
5.1 Меморандумдар мен халықаралық және өңірлік қауымдастықтарға мүшелік	36
5.2 ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламалары және интернационалдандыру саясаты	39
6. Инфрақұрылымды жаңғырту.....	42
6.1 Материалдық-техникалық база	42
6.2 Қаржылық қамтамасыз ету	51
Университеттің 2021-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы индикаторларының орындалуын талдау.....	55
Туындаған мәселелер мен оларды шешу жолдары.....	60
2023 жылдың басты міндеттері.....	61
ҚОСЫМША 1. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЗАҢНАМАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ (орыс тілінде)	62

КІРІСПЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті облыс орталығында, солтүстік-батысында Ақтөбе облысымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен, шығысында және оңтүстік – шығысында Түркістан облыстарымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектесетін ірі және қарқынды дамып келе жатқан өңірлік университеттердің бірі. Қызылорда облысының 2025 жылға дейінгі даму жоспарына сәйкес келешекте облыс жоғары транзиттік әлеуеті бар индустриялық бизнес пен кәсіпкерлік шоғырланған орталық болуға тиіс.

1937 жылы Қиыр Шығыс педагогикалық институтының негізінде құрылған университет 85 жыл ішінде білікті кадрлардың ұстаханасы болды. Ұжымның алдында классикалық ғылымның үздік дәстүрлерін және ғылыми мектептердің сабақтастығын сақтай отырып, мықты өңірлік университет құру міндеті тұр.

Университеттің корпоративтік басқару, білім беру, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік-тәрбиелік қызметі 2021-2025 жылдарға арналған Даму Стратегиясында белгіленген 6 бағыт шеңберінде жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта білім алушылар контингенті 10 мыңнан астам адамды құрайды, жылдан жылға грант бойынша түсушілер саны өсуде.

Соңғы 5 жылда мемлекет тарапынан ғылымды қаржыландырудың өсуі аймақтық университеттердің кірісіне айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, егер 2018 жылы университетте 62 млн. теңге сомасына жобалар іске асырылса, 2022 жылы бұл сома 190 млн.теңгеге өсті.

Бүгінгі таңда университет қоғамға пайдалы болуды және аймақтың игілігі үшін жұмыс істеуді мақсат етіп отыр. Бұл үшін алдағы жылдары университеттің материалдық-техникалық базасын, студенттерге, профессор-оқытушылар құрамына арналған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту, білім сапасын арттыру, білім беру және ғылыми қызметті цифрландыру мәселесі күн тәртібінде қалып отыр, өйткені дәл осы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті зияткерлік ортаны қалыптастыруда және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда Қызылорда облысын дамытудың негізгі драйвері болып табылады.

1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ

1.1 Кадрлық қамтамасыз ету


2020-2021 оқу жылында университетте білім беру қызметін 462 оқытушы жүзеге асырды, оның ішінде 22 ғылым докторы, 33 (PhD) докторы, 172 ғылым кандидаты.

2021-2022 оқу жылында университетте білім беру қызметін 479 оқытушы жүзеге асырды, оның ішінде 27 ғылым докторы, 34 (PhD) докторы, 174 ғылым кандидаты.

2022-2023 оқу жылында университетте білім беру қызметін 535 оқытушы жүзеге асыруда, оның ішінде 26 ғылым докторы, 43 (PhD) докторы, 193 ғылым кандидаты, 251 магистр. Соңғы үш жылдағы оқытушылар саны туралы мәліметтерге салыстырмалы түрде жүргізілген талдау 1-диаграммада көрсетілген.

Білім сапасын арттырып, өндіріспен өзара тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін, сырттан тиісті салалардың кандидаттары мен ғылым докторлары, мамандары шақырылды. 2022-2023 оқу жылында оқу үдерісіне сырттан 39 қосалқы қызметкер (7,3%) жұмылдырылды, оның ішінде ғылыми дәрежелері бар – 22 адам.

Штаттық оқытушылардың үлесі 93% құрайды. Оқытушылардың 87% - ы (ПОҚ жалпы санынан) мемлекеттік тілде өтеді.



1-Диаграмма. Соңғы үш жылдағы ПОҚ өсу динамикасы

2022-2023 оқу жылында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 49% құрады.

Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар профессор оқытушы құрамның орташа жасы – 47 жас, университет қызметкерлерінің орташа жасы – 45 жас.

"ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағының иегері 38 оқытушы. 27 оқытушы Ресей сәулет және құрылыс ғылымдары Академиясы, Ресей инженерлік академиясы, Халықаралық Инженерлік академиясы, Қазақ ұлттық білім академиясы, Қазақ Ұлттық Инженерлік академиясы, Педагогикалық білім беру халықаралық ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, Қазақ Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академияларының толық мүшелері болып сайланды.

6 оқытушы - "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" құрметті атағының иегері, 1 оқытушы - "Еңбек даңқы" төсбелгісі, 5 оқытушы - "Құрмет" орденін және 8 оқытушы - "Ерен еңбегі үшін" медалін, "А.Байтұрсынов" атындағы орденіне – 3 оқытушы, А. Байтұрсынов атындағы алтын медаль иегері – 2 оқытушы, А. Байтұрсынов атындағы күміс медалі иегері – 2 оқытушы құрметті атағына ие болды.

"ҚР еңбек сіңірген спорт шебері" – 1 оқытушы, "ҚР спорт шебері" – 1 оқытушы, "Қазақстанның құрметті спорт қайраткері" атағын – 1 оқытушы, "Құрметті спорт қызметкері" төсбелгісін – 1 оқытушы, "ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы - 5 оқытушы. "Мәдениет қайраткері" белгісін – 1 оқытушы, "ҚР Мәдениет үздігі" төсбелгісін – 2 оқытушы иеленген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (қазіргі ҚР ҒЖБМ) тарапынан университеттің 152 оқытушысы марапатталды, оның ішінде: "Ы.Алтынсарин» төсбелгімен - 23 оқытушы, "Еңбек ардагері" – 5 оқытушы; "ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісімен – 29, "ҚР Ғылымды дамытудағы еңбегі үшін" төсбелгісімен – 28 оқытушы, "ҚР Білім беру ісінің үздігі" – 9 оқытушы, "ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі" – 1 оқытушы, «Құрмет» грамотасымен - 75 оқытушы марапатталған.

Университетте жыл сайын профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру үшін кәсіби қызметті бағалау рейтингі, ал институт директорлары мен кафедра меңгерушілерінің қызметін бағалау үшін КРІ жүйесі енгізілген.

Оқытушының қазіргі моделі жаңа құзыретпен, соның ішінде кәсіпкерлік, ІТ-құзыреттіліктермен, тәуекел-менеджмент саласындағы құзыретпен, өзгерістерге тез бейімделе білу қабілеттерімен және т. б. толықтырылды.

Университет жанында «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті түлектерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді, оның құрамында университетті бітірген мыңдаған

түлектер бар. Қауымдастық мүшелері университеттің жаңа мазмұндағы жоғары оқу орны және біліктілігі жоғары мамандар даярлау орталығы ретінде дамып, нығаюына өз үлестерін қосып келеді.

2021 жылдың 12 қарашасында "Korkyt ata Endowment" корпоративтік қоры құрылды. Заңды тұлға қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 16.01.2001 жылғы №142-ІІ Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық және нормативтік актілеріне, сондай-ақ Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Қор қызметінің мәні білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу, жастар саясаты мен жастар бастамаларын қолдау, аумақтарды абаттандыруды, кітапхана қорын жаңартуды, үй-жайларды реконструкциялау мен жөндеуді қоса алғанда, университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуды дамытуға жәрдемдесу, білім алушылар үшін атаулы гранттар мен стипендиялар белгілеу, қайырымдылық іс-шараларға қатысу, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге жәрдемдесу, университет білім алушыларына өзге де материалдық қолдау көрсету.

Университет құрылымы. Университетте білім беру және ғылыми-зерттеу үдерісі 5 институттың негізінде жұмыс жасайтын 25 кафедра, сондай-ақ, 6 ғылыми орталық бар:

- Инженерлік-технологиялық институт - 7 кафедра
- Гуманитарлық-педагогикалық институт - 5 кафедра
- Жаратылыстану институты - 5 кафедра
- Экономика және құқық институты - 4 кафедра
- Педагогика және дәстүрлі өнер институты - 3 кафедра
- Әскери кафедра-1.

Ғылыми бөлімшелер зертханалар мен орталықтарға бөлінеді:

- "Физика-химиялық талдау әдістері" инженерлік бейіндегі зертхана (жетекшісі – х.ғ. к., қауымд. профессор Н.И.Ақылбеков)

- "Археология және этнография" ғылыми орталығы (жетекшісі – философия докторы (PhD) А.А.Тәжекеев)

- "Т.Д.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер" ғылыми-білім беру орталығы (жетекшісі – х.ғ.к., қауымд. профессор Г.М.Абызбекова)

- "Қорқыттану" ғылыми-зерттеу орталығы (жетекшісі – филол.ғ.д., профессор Б. Карбозұлы)

- "М.Шоқай" ғылыми-зерттеу орталығы (жетекшісі – т.ғ.к., доцент С.Т.Тайман)

- Агробиологиялық орталық (жетекшісі – т.ғ.к. Қ.И.Ақылбаев).

Әскери кафедра. Қазақстанның Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлерді даярлау мақсатында университетте 5 әскери-есептік мамандық бойынша даярлау жүргізілетін әскери кафедра жұмыс істейді.

2021-2022 оқу жылында мемлекеттік білім беру гранты бойынша әскери кафедраға қабылдау 73 адамды құрады, ақылы негізде – 96.

2022-2023 оқу жылында мемлекеттік білім беру гранты бойынша әскери кафедраға қабылдау 76 адамды құрады, ақылы негізде – 104.

1.2 Штаттық бірліктер

2020-2021 оқу жылында профессор-оқытушылардың оқу жүктемесі 469 штаттық бірлікті құрады. Орташа жүктеме 680 сағат көлемінде бекітілді.

2021-2022 оқу жылында штат 547,5 бірлікті құрады. Орташа жүктеме 671 сағат көлемінде бекітілді.

2022-2023 оқу жылында профессор-оқытушылардың штаты 559,25 бірлікті құрады. Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша бір оқытушының орташа педагогикалық жүктемесі 665 сағат көлемінде бекітілді.

"Болашақ" халықаралық бағдарламасының стипендиаттары – 40 адам. "500 ғалым" жобасы бойынша 2022-2023 жылдары тағылымдамадан 6 адам өтті. Ал 1 оқытушының тағылымдамасы 2023-2024 оқу жылына қалдырылды. 2023 жылы 23 оқытушы құжаттарын ұсынды.

IELTS және TOEFL сертификаттары 33 адамда бар: 2020 жылы-10 адам, 2021 жылы – 18 адам, 2022 жылы – 33 адам.

Оқу үдерісіне тартылған шетелдік мамандар: 2020 жылы – 10 адам, 2021 жылы – 14 адам, 2022 жылы – 25 адам.

2. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2.1 Академиялық саясат және білім беру бағдарламалары

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беру қызметі 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған "Білім туралы" Қазақстан Республикасының №319 Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен), 2020 жылғы 28 шілдеде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген лицензия (№KZ67LAA00018492), университет жарғысы негізінде бакалавриат, магистратура және докторантура (PhD) бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру қызметінің басым бағыттары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарында белгіленген міндеттерге сәйкес іске асырылады.

Университеттің миссиясы – білім мен ғылымды интеграциялау, жаңа білім мен технологияларды қалыптастыру және трансферттеу негізінде қоғамды дамыту үшін жеке және кәсіби әлеуетті іске асыруға қабілетті жоғары білікті кадрларды даярлаудың сапалы деңгейін қамтамасыз ету.

Университетте кадрларды даярлау 114 білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі, оның ішінде:

- 27 бағыт бойынша бакалавриаттың 66 білім беру бағдарламасы;
- 16 бағыт бойынша магистратураның 35 білім беру бағдарламасы;
- 8 бағыт бойынша докторантураның 13 білім беру бағдарламасы.

Барлық ББ "Қазақстан Республикасының Білім беру бағдарламаларының тізілімі" ақпараттық жүйесінде тіркелген және білім алушылардың жалпы кәсіптік деңгейін арттыра отырып, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға бағытталған.

2020 жылдан бастап 11 жаңа БББ әзірленді және "Қазақстан Республикасының Білім беру бағдарламаларының тізіліміне" тіркелді, оның ішінде 5 – бакалавриат, 5 – магистратура, 1-докторантура бағыттары бойынша.

2020-2022 оқу жылында әзірленген ББ

Бакалавриат

- 1 6B01784 – Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (2021)
- 2 6B01519 – География-Тарих (2022)
- 3 6B03270 – Журналистика (2022)

- 4 6B04247 – Әкімшілік әділет (2022)
- 5 6B07189 – Автоматтандыру және басқару (2022)

Магистратура

- 1 7M01407 – Музыкалық білім (2020)
- 2 7M04142 – Есеп және аудит (2020)
- 3 7M01722 – Орыс тілі мен әдебиеті (2021)
- 4 7M07154 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы (2021)
- 5 7M04103 – Менеджмент (бейіндік) (2022)


Докторантура

- 1 8D04139 – Мемлекеттік және жергілікті басқару (2020)

2023 жылы жаңа 2 инновациялық ББ әзірленді: «Менеджмент, маркетинг, талдау», «Сандық бухгалтерия және қаржы менеджменті». Қазіргі уақытта ББ сараптамадан өтуде.

2.2 ЖОО контингентінің динамикасын талдау

Бакалавриат. Бакалавриат мамандықтары бойынша соңғы 3 жылда білім алушылар контингенті 60% - ға өсті. 2021-2022 о/ж-да 2020-2021 о/ж-мен салыстырғанда контингент 5783-тен 7306-ға дейін, 2022-2023 о/ж-да 2021-2022 о/ж-мен салыстырғанда 7306-дан 9255-ке дейін өсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 26,7% - ға жоғары (2-диаграмма).



2 – диаграмма. Мемлекеттік білім беру гранты бойынша және ақылы негізде білім алушылар контингенті


2020-2021 оқу жылында бакалавриаттың 64 білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау 2241 студентті құрады, оның ішінде 519 – мемлекеттік білім беру гранттары бойынша, 1722 студент ақылы негізде. Студенттердің жалпы контингенті 5783 құрады, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушылар – 1296 студент, жергілікті бюджеттен

қаржыландырылатын білім беру гранты бойынша білім алушылар – 77, ақылы негізде – 4410.

2021-2022 оқу жылында бакалавриаттың 62 білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді қабылдау 2885 адамды құрады, оның 783 – і мемлекеттік білім беру гранты бойынша, 2075-і ақылы негізде. 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда мемлекеттік білім беру гранты бойынша студенттерді қабылдау 519-дан 783 адамға дейін өсті, бұл 50,9% құрайды.

2021-2022 о/ж бакалавриат студенттерінің контингенті 7306 адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша – 1944, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру гранты бойынша – 77, ақылы негізде – 5285.

2022-2023 о/ж 54 білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді қабылдау 2819 адамды құрады, оның 925 – і мемлекеттік білім беру гранты бойынша, 1894-і ақылы негізде қабылданды. 2021-2022 о/ж салыстырғанда мемлекеттік білім беру гранты бойынша студенттерді қабылдау 783-тен 925 адамға дейін өсті, бұл 18,1% құрайды (3-диаграмма).



3-диаграмма. Мемлекеттік білім гранттары және ақылы негізінде студенттер қабылдау

2020-2021 оқу жылында бакалавриаттың 55 білім беру бағдарламасы бойынша 1340 студент бітірді.

2021-2022 оқу жылында бакалавриаттың 61 білім беру бағдарламасы бойынша 1830 студент бітірді.


2022-2023 оқу жылында бакалавриаттың 58 Білім беру бағдарламасы бойынша 2770 студент бітіреді деп күтілуде.

Магистратура. 2020-2021 о/ж магистратураға 273 білім алушы қабылданды, оның 185 – і мемлекеттік білім беру гранты бойынша, 88

– і ақылы негізде. 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылдау 100-ден 185-ке дейін немесе 85% - ға өсті.

2021-2022 о/ж университет магистратурасына қабылдау 2020-2021 оқу жылында салыстырғанда 273 – тен 408 адамға дейін өсті, оның 254 – і мемлекеттік білім беру гранты бойынша, 154-і ақылы негізде. 2020-2021 оқу жылында салыстырғанда мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылдау 185-тен 254 адамға дейін өсті, бұл 37,3% - құрайды.

2022-2023 о/ж магистратураға қабылдау 377 адамды құрады, оның 262 – сі мемлекеттік білім беру гранты бойынша, 115-і ақылы негізде қабылданды. Бұл 2020-2021 U/G (4-диаграмма) салыстырғанда 21,5% жоғары.



4 –диаграмма. Магистратураға қабылданған адамдар саны

2020-2021 о/ж магистратура бағдарламасы бойынша 162 магистрант, 2021-2022 оқу жылында 316 магистрант бітірді.


2022-2023 о/ж магистратура бағдарламасы бойынша 871 магистрант оқиды, оның 424 – і бітіру курсында.

Докторантура. 2020-2021 о/ж 7 Білім беру бағдарламасы бойынша 11 докторант, 2021-2022 оқу жылында 7 Білім беру бағдарламасы бойынша 14 докторант, 2022-2023 оқу жылында 8 білім беру бағдарламасы бойынша 17 докторант қабылданды.

2021-2022 о/ж 12 докторант, 2022-2023 оқу жылында 11 докторант бітірді.

2020-2021 о/ж 6 докторант, 2021-2022 оқу жылында 3 докторант, 2022-2023 оқу жылында 2 докторант диссертация қорғады. Оқу жылының соңына дейін қорғауға 3 докторант шығады.

2022-2023 о/ж университетте бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша 10168 білім алушы оқиды (5-диаграмма).



**5-диаграмма. Білім алушылар контингенті
(1.04.2023 ж. жағдай бойынша)**

Облыс әкімінің гранты. Жыл сайын университет студенттері үшін Қызылорда облысы әкімінің білім беру гранттары бөлінеді, олар өңірдің экономика салаларын: білім беру, мұнай-газ ісі, құрылыс, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы және т.б. салаларын қажетті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында бөлінеді.

2021-2022 о/ж университетте Қызылорда облысы әкімінің гранты бойынша 316 студент оқыды. 2022-2023 оқу жылында бакалавриат бойынша облыс әкімінің грантына 62 білім алушы қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы.

Ғылыми жұмыстармен айналысатын және университеттің қоғамдық қызметіне белсенді қатысатын үлгерімі жоғары студенттерге ғылыми кеңестің шешімімен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы беріледі. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Президенті стипендиясының иегерлері 17 студент, 2021 жылы – 18 студент, 2022 жылы – 21 студент болды.

2.3 Рейтинг: тәуелсіз бағалау нәтижелері

2022 жылдың қараша айында университет Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (АРТА) халықаралық институционалдық аккредиттеу рәсімінен сәтті өтті. Аккредиттеу мерзімі-5 жыл және 2027 жылдың желтоқсанына дейін жарамды.

Университеттің 107 білім беру бағдарламасы, оның ішінде 61 бакалавриат білім беру бағдарламасы, 33 магистратура білім беру бағдарламасы және 13 докторантура білім беру бағдарламасы Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің мамандандырылған аккредиттеуінен өтті.

Британдық Quacquarelli Symonds (QS) компаниясы өткізетін Азия университеттерінің (QS Asia University Rankings – 2023) рейтингінің нәтижелері бойынша университет 570 позицияны иеленді және Азияның үздік 551-600 жоғары оқу орындарының қатарына енді.

2022 жылы АРТА жүргізген ЖОО-дың ұлттық сұраныс рейтингінің қорытындысы бойынша университет 8-ші орында және Қазақстан ЖОО-ның бас рейтингінің үздік 10-дығына кіреді.

2022 жылы АРТА рейтингіне университеттің 46 БББ қатысты, оның ішінде 4 БББ үздік үштікке кірді, оның ішінде:

Бакалавриат

006-Музыка мұғалімдерін даярлау - 1 орын
015-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау-1 орын
071-Тау – кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру-3 орын
073-Сәулет - 3 орын
082-Су ресурстары және суды пайдалану-2 орын
090-Әлеуметтік жұмыс - 3 орын

Магистратура

M010-Математика мұғалімдерін даярлау-1 орын
M014-Биология мұғалімдерін даярлау-2 орын
M016-Тарих мұғалімдерін даярлау - 3 орын
M137-Су ресурстары және суды пайдалану-2 орын

Докторантура

D001-Педагогика және психология - 3 орын
D003-Пәндік мамандандырусыз бейінді педагогтарды даярлау - 3 орын
D013-Химия мұғалімдерін даярлау - 3 орын
D014-Биология мұғалімдерін даярлау - 3 орын
D131-Өсімдік шаруашылығы-3 орын
D137 - Су ресурстары және суды пайдалану-2 орын.

Жыл сайын "Атамекен" ҰКП өткізетін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингінің қорытындысы бойынша Үздік -10-ға кірді:

2020 жылы-5 БББ;
2021 жылы-16 БББ;
2022 жылы-университеттің 14 БББ, оның ішінде:
6B01722-Орыс тілі мен әдебиеті-2 орын;
6B11401-Әлеуметтік жұмыс-2 орын;
6B02132-Дизайн-3 орын;
6B02234-Археология және этнология - 3 орын;
6B07367-Инженерлік жүйелер мен желілер-4 орын;
6B08674 - Су ресурстары және суды пайдалану-4 орын;
6B07369-Жерге орналастыру-5 орын;
6B03238-Журналистика (Телерадио) - 7 орын;
6B02130-Хореография - 7 орын;
6B06152-Ақпараттық қауіпсіздік - 7 орын;

6B07366-Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру-7 орын;
6B07368-Кадастр - 7 орын;
6B01725-шет тілі: екі шет тілі-8 орын;
6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті - 9 орын.

2.4 Қос дипломды/бірлескен білім беру бағдарламалары

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде жасалған меморандумдар негізінде университетте 6 бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленіп, іске асырылуда:

- шет тілі: екі шет тілі (Каннам Университеті, Корея Республикасы) /қазіргі уақытта 1 білім алушы оқып жатыр/;
- технологиялық машиналар мен жабдықтар (Қытай Мұнай университеті, Қытай Халық Республикасы);
- экология және табиғи ресурстар, технологиялық машиналар мен жабдықтар, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы (Томск политехникалық университеті, Ресей Федерациясы) /қазіргі уақытта 3 білім алушы оқып жатыр/;
- физика (Дубна университеті, Ресей Федерациясы).

Қазіргі уақытта "Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты" Ұлттық зерттеу университетімен (Өзбекстан) 6 бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленді:

1. 6B07368 – Жер кадастры
2. 6B08674 – Су ресурстары және суды пайдалану
3. 7M05247 – Экология
4. 7M11279 – Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (техносфералық қауіпсіздік)
5. 7M07155-Жаңартылатын энергия
6. 7M04142-Есеп және аудит.

М.Танк атындағы Беларус мемлекеттік педагогикалық университетімен биология, физика бойынша бірлескен ББ әзірлеу жұмыстары жүріп жатыр.

Корея үкіметінің қолдауымен Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетімен ынтымақтастық аясында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті негізінде жасанды интеллект және информатика жоғары мектебін құру жобасы әзірленуде. Бұл жобаны іске асыру біздің университетте IT-технологиялар мен жасанды интеллектті жетілдіруге ықпал етеді. Жоба аясында бірлескен ББ әзірлеу жоспарлануда.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру және түлектерді жұмыспен қамту мақсатында жүйелі жұмыс жасау үшін 2022 жылдың тамызында рекрутинг және мансап басқармасы құрылды.

2.5 Білім алушылардың оқу жетістіктері

2022-2023 оқу жылында қысқы емтихан сессиясының нәтижесі бойынша университет студенттерінің үлгерімі 91,2%, GPA орташа балы – 3,09, сапалық көрсеткіші – 81,6% құрады.

Соңғы 3 жылдағы студенттердің сабақ үлгерім қортындысы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Студенттердің сабақ үлгерім қортындысы

Бағалау критерийлері	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Үлгерім (%)	90,5	91,0	91,2
Орташа балл	3,12	3,13	3,09
Сапалық көрсеткіш (%)	81,7	82,9	81,6

2022-2023 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының нәтижесі бойынша магистранттардың сабақ үлгерімі 98.6 пайызды құрады; орташа балл GPA – 3.48; сапалық көрсеткіші 96.1 пайыз, докторанттардың сабақ үлгерімі 100 пайыз; орташа балл – 3.62; сапалық көрсеткіші– 100 пайыз.

2.6 Үштілде білім беру бағдарламасы

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында бакалавриаттың 16 БББ бойынша 493 студент үштілде білім беру бағдарламасы бойынша білім алған болса, 2022-2023 оқу жылында келесі 12 БББ бойынша үштілде білім беру бағдарламасымен 342 студент білім алуда:

1. 6B01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
2. 6B01510 – Математика;
3. 6B01511 – Математика-информатика;
4. 6B01513 – Физика-информатика;
5. 6B01514 – Информатика;
6. 6B01515 – Химия;
7. 6B04139 – Мемлекеттік және жергілікті басқару;
8. 6B04143 – Қаржы;
9. 6B06149 – Ақпараттық жүйелер;
10. 6B06150 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету;
11. 6B06152 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері;
12. 6B10276 – Әлеуметтік жұмыс.

Үштілде білім беру бағдарламасын жүргізетін кафедраларда оқу-әдістемелік құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, кітапхана қорын жаңа ағылшын тіліндегі оқулықтар және оқу құралдарымен, оның ішінде электронды тасымалдағыштардағы әдебиеттермен толықтыру ісі үздіксіз жалғасуда. Үштілде білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда тілдік сандық зертхана кеңінен пайдаланылуда.

2.7 Біліктілік арттыру

Университеттің біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы арқылы есеп беру кезеңінде барлығы 2174 тыңдаушы біліктілік арттыру курстарынан өтті. Оның ішінде 2020-2021 оқу жылында 854 тыңдаушы, 2021-2022 оқу жылында 907 тыңдаушы, 2022-2023 оқу жылының 7 айында 413 тыңдаушы курстардан өтті. Курсқа қатысушылардың 501-і университеттің профессор-оқытушылары.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жоғарғы оқу орындарының педагогикалық БББ бойынша 455 студентке курс ұйымдастырылды.

"Күміс университеті" тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында 14 курс әзірленді:

- * Сандық сауаттылық (e-gov, e-otinish, e-salyk)
- * SMM және әлеуметтік медиа
- * "Ағылшын тілі" курстары
- * Уақытты басқару
- * Қаржылық сауаттылық (fingramota.kz)
- * Құқықтық сауаттылық
- * Хореографиялық өнер негіздері (вальс, танго)
- * Арт-терапия
- * Позитивті ойлау
- * Дағдарысты басқару
- * Эмоционалды интеллект
- * Өзгерісті өзіңізден бастаңыз!
- * Қарым-қатынас психологиясы
- * Араб тілі курстары

Соңғы 3 жылда 60 және одан жоғары жастағы 225 адам курстардан өтіп, сертификаттар алды.

Университет 2022 жылдың қыркүйегінен бастап магистратураға, докторантураға түсушілер үшін және профессорлық-оқытушылық құрамға шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамадан өту үшін өтеусіз негізде ағылшын тілі курстарын өткізеді.

2.8 Пәндік олимпиадалар

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында өткізілген Республикалық студенттік пәндік олимпиадада университеттің 1 БББ-ның студенттері І дәрежелі дипломмен, 5 БББ бойынша ІІ дәрежелі дипломмен, 10 БББ бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Республикалық пәндік

олимпиаданың қорытындысы бойынша 16 білім беру бағдарламасы негізінде 39 білім алушы жүлделі орындарға ие болды.

2021-2022 оқу жылында Республикалық студенттік пәндік олимпиадада университеттің 21 білім беру бағдарламасы бойынша 62 студент I-III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Соның ішінде 1 БББ-ның студенттері I дәрежелі дипломның, 7 БББ-ның студенттері II дәрежелі дипломның, 13 БББ-ның студенттері III дәрежелі дипломның иегері болды.

2022-2023 оқу жылында да Республикалық пәндік олимпиадаларға университет студенттерінің қатысуына барынша жағдай жасалуда. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде археология және этнология БББ бойынша өткізілген пәндік олимпиадада студенттеріміз 1-ші орынға ие болды.

2.9 Түлектердің жұмысқа орналасуы

Түлектердің жұмысқа орналасуы университеттің тиімді жұмысының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Түлектерді еңбек нарығына бейімдеу мақсатында оларды ақпараттық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету шаралары кешенін қамтитын бұл бағытта жүйелі жұмыстар жыл бойы жүргізілуде.

2021-2022 оқу жылында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін 2157 түлек бітірді. Оның ішінде 1829 күндізгі бөлім студенті, 316 магистрант және 12 докторант бар.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының филиалынан (29.12.2022 ж.) алынған ақпарат бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы 76% құрайды, оның ішінде 33 түлек магистратураға түсті, 61 түлек бала күтіміне байланысты демалыста.

2.10 Академиялық сапа жөніндегі комитеттер

Университеттің бакалавриат, магистратура, докторантура БББ бойынша мамандар даярлау сапасын арттыруды, жұмыс берушілерді бәсекеге қабілетті мамандармен қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында 2022 жылғы қыркүйек айында әрбір институттың құрамында жұмыс жасап келе жатқан Академиялық сапа жөніндегі комитеттердің құрылымы мен атқаратын қызметтері қайта қаралып, бекітілді. Академиялық сапа жөніндегі комитеттердің негізгі қызметі әрбір БББ бойынша оқытылатын пәндердің мазмұнына талдау жасау. Осы қызметке жұмыс берушілердің өкілдері де тартылып отырады. Университетте жыл сайын білім беру бағдарламаларының элективті пәндер каталогы жұмыс берушілермен бірлесе жасалып, Академиялық сапа жөніндегі комитеттерде талқыланып, бекітіледі.

Университетте өңірге қажетті мамандар сұранысына және жаңа мамандықтар Атласы бойынша шетелдік тәжірибеге бэнчмаркинг


жасай отырып 1 инновациялық, 48 минор (Minor) бағдарламалары әзірленді.

2.11 Академиялық ұтқырлық

Университетте білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын халықаралық байланыстар бөлімі және академиялық мәселелер жөніндегі департаменті ұйымдастырады.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы 42 отандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастық туралы шарттары негізінде жүзеге асырылады.

Ішкі академиялық ұтқырлық шеңберінде университетте оқу үлгіріміне қарай тілек білдірген кез – келген білім алушы білім ала алады. 2021-2022 оқу жылында ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасымен 64 білім алушы еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында білім алған болса, 2022-2023 оқу жылында 239 білім алушы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен 16 отандық жетекші жоғарғы оқу орындарынан білім алуда. Сонымен қатар 45 профессор-оқытушы өзара ауысу бойынша академиялық ұтқырлықпен дәріс оқуда (5-ші диаграмма).



5-диаграмма. Академиялық ұтқырлық бойынша мәлімет

2.12 Кәсіби практика

Бакалавриат бойынша кәсіби практикалардың барлық

түрлерінен кафедраларда оқу бағдарламалары әзірленген, олар жылда жаңартылып тұрады, кіріспе және қорытынды конференциялар өткізіледі.

Мекемелермен, кәсіпорындармен кәсіптік практиканы өткізу және жұмысқа орналастыру туралы барлығы 59 меморандум жасалды. Оның ішінде, педагогикалық білім бағыты бойынша 25 меморандум жасалып, нәтижесінде 2022 жылы бітірген 267 түлек жұмыспен қамтамасыз етілді, ал өндіріс мекемелерімен 34 меморандум жасалып, оның 29 мекемесіне 365 түлек жұмысқа орналасты.

Өндірісте 94 кафедра филиалдары жұмыс жасайды. Ондағы мақсат – білікті мамандар дайындаудың сапасын жетілдіру, оқу үдерісінің практикалық бағытын арттыру, бірлескен ғылыми-әдістемелік зерттеулерді жүргізу және ғылыми-зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу болып табылады. 163 пән бойынша 38 білім беру бағдарламасына дуалды оқыту элементтері енгізілді.

2.13 Жаппай ашық онлайн-курстары

Университетте BTS-Education, «МИСиС» (Мәскеу болат және қорытпалар институты) Ұлттық зерттеу технологиялық университеті (РФ) жанындағы EdCrunch University орталықтарымен бірлесіп жаппай ашық онлайн - курстар (MOOK) дайындалуда:

- Бизнестегі мемлекеттік сатып алу жүйесі
- Сақтандыру
- Корпоративтік қаржы
- Маркетинг
- Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы
- Мәдениеттану
- Математика
- Дискретті математика
- Физика
- Математиканы оқыту әдістемесі
- Бастауыш математика
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен халықаралық COURSERA білім беру платформасындағы қазақ тіліне аударылған 50 курс бойынша университеттің 500 студентіне лицензия берілді. Аталған курстар бойынша 499 студент жалпы саны 610 сертификат иеленді. 8Бакалавриат бойынша 19 білім беру бағдарламасынан, магистратура бойынша 4 білім беру бағдарламасынан қатысушылар курстан өтуде.

Бұл аударылған 50 курстан бөлек, білім алушылар үшін COURSERA білім беру платформасында ағылшын тіліндегі 10 000 курс қолжетімді болып табылады.

3. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІ ДАМУ

3.1 Жобалар шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы

Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын гранттық қаржыландыру, жергілікті атқарушы органдардың тапсырыстары мен түрлі кәсіпорындар, халықаралық келісімдер бойынша түрлі жобалар шеңберінде орындалады. Соңғы 3 жылда университетте келесі жобалар жүзеге асырылуда:

- гранттық қаржыландыру бойынша (ҚР ҒЖБМ ҒК) – 24 жоба;
- жергілікті атқарушы органдар мен бизнес-құрылымдардың тапсырысы бойынша – 7 жоба;
- ірі компанияның (кәсіпорынның) тапсырысы бойынша – 1 жоба;
- шет елдермен бірлескен (халықаралық жобалар) – 2 жоба,
- шаруашылық келісім-шарт бойынша -2 жоба.

2020-2022 жылдары ғылым бойынша жалпы табыс 429 766 мың теңгені құрады (2020 жылы - 108 225 мың теңге; 2021 жылы - 130 349 мың теңге, 2022 жылы - 191 192 мың теңге).

Қызылорда облысы еліміздің жетекші күріш егетін өңірі (егіннің 85%) болып табылады, сондықтан күріштің көп тонналық қалдықтарын (егін жиналғаннан кейін алынатын) ағымдағы күні пайдалы өнімге қайта өңдеу ерекше өзекті болып табылады. Мұнай-газ секторы өңірлік экономиканың айқындаушы саласы болып табылады. Өнеркәсіптік өндірісте 2020 жылдың қорытындысы бойынша шикі мұнай мен табиғи газды өндіру үлесі басым 69,4% тау-кен өнеркәсібіне тиесілі (81,9%). Бұдан басқа, аумақ көмірсутек шикізатының, түсті металдардың, қара металдардың, уранның, кварц құмдарының, құрылыс құмдарының, әктастың қорларына бай.

Облыстың даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, университет ғалымдары ұлттық ғылымның дамуына үлес қосуда. Нақтырақ айтсақ, бұл ерекшеліктер ауыл шаруашылығының дамуымен және қалдықтарды қайта өңдеумен, топырақтанумен, селекциямен және агрохимиямен, қазақстандық Арал өңіріндегі экология мәселелерімен және оның биоалуантүрлілігін, су және жер ресурстарын зерттеумен, мұнай қалдықтарын қайта өңдеу мәселелерімен, жаңартылатын энергия көздерімен, Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеумен байланысты.

2022 жылы жалпы сомасы 191 192 мың теңгеге 17 ғылыми жоба іске асырылды. Олардың ішінде:

- гранттық қаржыландыру бойынша (ҚР ҒЖБМ ҒК) – 9 жоба (123 215 мың теңге);
- жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы бойынша – 3 (38 462 мың теңге);

- мұнай компаниясының (ҒЗТКЖ) тапсырысы бойынша – 1 (10 000,0 мың теңге);

- шаруашылық келісім-шарт бойынша – 2 (1 175,0 мың теңге);

шет елдермен бірлескен (халықаралық жобалар) – 2 (18340 мың теңге).

2018-2020 жылдары ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша 9 ғылыми жоба орындалды:

- AP05134201 «Полимерлі наноматериал негізінде мультиферментті биосенсорлар әзірлеу. Биологиялық сұйықтықтардың екі метаболитін анықтау үшін полимерлі ферментті сенсорларымен талдағыш құралдың тәжірибелік үлгісін дайындау» (2018-2020 жж.);

AP05134356 «Қатты және сұйық қалдықтарды біріктіріп өңдеудегі инновациялық жол және оларды ағынды суларды тазартуға адсорбент ретінде пайдалану» (2018-2020жж.);

AP05134898 «Төменгі энергияларда жеңіл әлсіз байланысқан ядролардың өзара әсерлесуін экспериментальды және теориялық зерттеу – астрофизикалық қосымшалар үшін» (2018-2020жж.);

AP05133562 «Шағын және орта кәсіпкерлік үшін кадрлар даярлаудағы мемлекеттік-жеке серіктестікті жетілдіру» (2018-2020жж.);

AP05131086 «Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалық мәдениеттің қалыптасу барысында түркі-оғыздардың Арал маңының отырықшы-егінші тайпаларымен этномәдени байланысы (б.з. I мыңжылдығы)» (2018-2020жж.);

AP05134091 «Қазақ эмигранттарының естеліктері: жанрлық, стильдік ерекшеліктері және тарихи маңызы» (2018-2020жж.);

AP05130837 «Сыр сүлейлері шығармаларының тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық және ұлттық сипаттарының «Мәңгілік Ел» рухында жырлануы» (2018-2020жж.);

- AP05131362 «Аймақ эпиграфиясы: рухани жаңғыру және ұрпақ сабақтастығы (Қызылорда облысы материалдары бойынша)» (2018-2020жж.);

- AP05135427 «Қазақстанның қылшық жүнді қой (етті-майлы) тұқымының өнімдік-биологиялық ерекшеліктерінің ДНК маркерлері бойынша сипаттамасы» (2018-2020жж.)

2020-2022 жылдар ішінде ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша 7 ғылыми жоба іске асырылды:

AP09562354 «Ауған соғысы тақырыбындағы әдеби-публицистикалық шығармалардың көркем поэтикасы және тарихи маңызы» (2021ж.);

AP09562322 «Тәжірибелік маңызды карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін аса жоғары жиілікті сәулелендіру жағдайында синтездеу әдістерін жасау» (2021ж.);

AP09561460 «Базар жырау шығармаларының жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері» (2021ж.);

AP09562323 «Қазақстанның оңтүстік-батысындағы урбанизацияланған аумақтардың авифаунасы (Қызылорда қаласы мысалында)» (2021ж.);

AP08956053 «Қызанақты аз көлемді өсірудің бейімделген инновациялық технологиясын енгізу негізінде Арал өңірі жағдайында жылыжай өндірісінің тиімділігін арттыру» (2020-2021жж.);

AP08956973 «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша ата-аналарға арналған мобильді қосымшаны құрудың ғылыми-педагогикалық негіздері» (2020-2021жж.);

- AP08855935 «Оң сипаттамадағы классикалық Ли алгебралары: қарапайым көріністер және когомология» (2020-2022жж.).

- 2021-2023 жылдарға арналған ҚР БҒМҒК гранттық қаржыландыру шеңберінде мынадай жобаларды іске асыруға шарттар жасалды:

- AP09260188 «Қызылорда облысының тарихи топонимдері: когнитивтік, әдеби негіздері және ұлттық код» (2021-2023 жж.);

- AP09259892 «Мұстафа Шоқай мұрасындағы қолжазбалардың тарихи-деректік құндылығы» (2021-2023 жж.);

- AP09058201 «Иршәдул-мулук уәс-саладин» ескерткішіндегі (XIVғ.) теолингвистикалық кеңістік» (2021-2023 жж.);

- AP09058228 «Мәмлүк-қыпшақ тілінің лексикалық қоры (XIV ғасырдағы «Китаб булғат әл-муштақ» қолжазбасы негізінде)» (2021-2023 жж.).

- 2022-2024 жылдарға арналған ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми жобаларды іске асыруға шарттар жасалды:

- "AP13068393 Қазақстандық Арал өңіріндегі шетелдік селекцияның африкалық тарының перспективалы сорттарын экологиялық сынау" (2022-2024 жж.);

- "AP14872046 Қазақстандағы жоғары білім беруді интернационалдандыру: болашақ бағыттар" (2022-2024 жж.);

- "AP14870690 Сырдариядағы исламның киелі орындары мен құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері" (2022-2024 жж.);

- "AP14869851 Робототехникалық жүйелерді Машиналық оқыту әдістерін зерттеу және әзірлеу" (2022-2024).

2022 жылы "Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз" АҚ компаниясымен "Мұнаймен ластанған топырақты биопрепараттармен қалпына келтіру" тақырыбында ҒЗТКЖ бойынша шарт негізінде зерттеулер жүргізілді/19.03.2018 ж. №1804025 шарт/.

2018-2020 жылдары Жергілікті атқарушы органдармен (ЖАО) ҒЗЖ орындауға арналған шарт шеңберінде 3 жоба іске асырылды:

- "Жанкент қаласындағы археологиялық жұмыстар" (2018-2020 жж.) /20.04.2018 ж. №34; 29.05.2019 ж. №36; 08.04.2020 ж. №20/;
- "Сортөбе қаласындағы археологиялық жұмыстар" (2018-2020 жж.) / 20.04.2018 ж. №37; 29.05.2019 ж. №37; 08.04.2020 ж. №36/;
- "Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Асанас қалашығындағы археологиялық жұмыстар" (2020 ж.) /08.04.2020 ж. №32/.

Жергілікті облыстық бюджеттен қаржыландыру кезінде 2021 жылы "Қазалы ауданындағы Жанкент қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу" тақырыбында жоба іске асырылды (2021 ж.) /№33 19.03.2021 ж./.

Бұдан басқа, ЖАО-мен шарт бойынша 2022 жылы 3 жоба іске асырылды:

- "Топырақ құнарлылығын жақсарту және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру үшін қайта өңдеу нәтижесінде алынған күріш қалдықтарының био тыңайтқышын қолдану" (2022ж.) / 17.05.2022 ж. №50/;

- "Климат пен су ресурстарының өзгеруі жағдайында қазақстандық Арал өңірінің суармалы егіншілігін бейімдеу (бейімдеу) технологиясын шаруашылықтарға енгізу және тарату жобасы" (2022ж.) / 17.05.2022 ж. №51/;

- "Қазалы ауданындағы Жанкент қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу" (2022 ж.) /04.04.2022 ж. №44/.

Зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу инновациялық технологияларды дамытудың маңызды жалғасы болып табылады. "Ғылым қоры" АҚ (2017-2019 жж.) жариялаған ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижелері бойынша университетте "CTS Solutions" ЖШС және "Байқоңыр" ӘКК АҚ бірлесіп "Инновациялық технологияларды қолдана отырып мұнай қалдықтарын қайта өңдеу" тақырыбында жоба іске асырылды. Жобаның жалпы сомасы-1,5 млрд. теңге. Жоба 2022 жылдың 11 тамызында өндіріске енгізілді.

Осылайша, ғалымдар коммерцияландыруға дайын бірқатар инновациялық технологияларды әзірледі. Мысалы, Ағынды суларды тазарту үшін қатты және сұйық қалдықтарды адсорбенттерге бірлесіп өңдеуге инновациялық тәсіл; Қызылорда облысының қорғалған топырағы жағдайында үгінділер мен күріш қауызынан субстраттарда көкөніс дақылдарын аз көлемде өсіру технологиясын енгізу; ауыспалы егіске қант қамысын (фитомелиорантты) енгізу есебінен Қызылорда облысының күріш жүйелерін мелиорациялауды жақсарту; қайта өңдеу нәтижесінде алынған био тыңайтқышты қолдану арқылы топырақ құнарлылығын жақсарту және дақылдардың өнімділігін арттыру үшін күріш қалдықтары, климат пен су ресурстарының

өзгеруі жағдайында Қазақстандық Арал өңірінің суармалы егіншілігін бейімдеу технологиясын шаруашылықтарға енгізу және тарату.

Бұл зерттеулердің негізгі бөлігі аяқталды, жақын болашақта олар өздерінің практикалық қолданысын табуы керек.

3.2 Халықаралық жобалар

Horizon-2020 халықаралық жобасы аясында Португалия ғалымдарымен (Нова Лиссабон университеті) бірлесіп Мария Складовская-Кюри H2020-MSCA-RISE-2020 PhytoAPP "Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алу үшін суда еритін инновациялық фитоматериалдар - ингибиторлар" (2021-2025 жж.) жобасы жүзеге асырылуда. Серіктес елдер: Қазақстан, Нидерланды, Португалия, Германия, Ұлыбритания Словакия, Нигерия, Украина. Қазақстанның жоба жетекшісі: химия ғылымдарының кандидаты, зерттеуші профессор Н.О. Аппазов.

Қазір әлемде бұл аурулар айтарлықтай дамыды және егде жастағы адамдар ғана емес, сонымен қатар жастар да қауіпті аймақта болды. Қазіргі уақытта Альцгеймер ауруының дамуын тоқтататын ем жоқ. Паркинсон ауруы мүгедектік пен өлім-жітімнің өсу қарқыны бойынша басқа неврологиялық бұзылулардан асып түседі және соңғы 25 жылда оның таралуы екі есе өсті. Бұл жоба 2025 жылға дейін жалғасады және қазақстандық ғалымдар шетелдік әріптестерімен бірлесіп осы ауруларды емдеу және алдын алу бойынша жаңа құралдарды ұсынуы мүмкін.

Жаһандық халықаралық жобалардың бірі – төменгі Сырдарияның сол жағалауында орналасқан, ал X-XI ғасырларда Оғыз мемлекетінің астанасы (қысқы ставка) болған ежелгі Жанкент қаласын археологиялық қазу және қайта құру. "Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы көшпелі білім беру және урбанизация: ерте ортағасырлық Жанкент қаласы (Арал теңізі, Қазақстан)" жобасы соңғы бес жыл ішінде Тюбинген университетінің және РҒА Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асырылды (2018-2020ж) /04.09.2018 ж. №1048/. Пандемияға байланысты жобаны іске асыру мерзімі 2022 жылға дейін ұзартылды. Жоба жетекшісі: философия докторы (PhD), археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі А.Тәжекеев. Енді бұл жұмыс 2023 жылы қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум аясында Халықаралық Түркі академиясының қызметкерлерімен бірлесіп жалғастырылатын болады.

3.3 "ЖОО үздік оқытушысы" атағының және ректор грантының иегерлері

2020 жылы ҚР БҒМ "ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2020" грантының иегері 1 ғалым – химия ғылымдарының кандидаты, "Биология, Химия және география" кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ақылбеков Нұрғали Икрамұлы болды.

2022 жылы 3 ғалым "ЖОО Үздік оқытушы-2022" байқауының жеңімпаздары атанды:

1. Ибраев Шералы Шапатайұлы – физика-математика ғылымдарының кандидаты, физика және математика кафедрасының профессоры.

2. Тохетова Лаура Ануарқызы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, аграрлық технологиялар кафедрасының профессоры.

3. Смайылова Жұлдыз Жолдасқызы – техника ғылымдарының кандидаты, профессор, дизайн және технология кафедрасының меңгерушісі.

2021 жылдан бастап жас ғалымдарды қолдау шеңберінде университетте жыл сайын 40 жасқа дейінгі жас ғалымдар үшін жалпы сомасы 10 млн.теңге ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдауға Басқарма төрағасы-ректордың гранты бөлінуде.

Жас ғалымдардың байқауының жеңімпаздары болып: 2021 жылы – 4 жоба, 2022 жылы – 6 жоба атанды.

2021 жылғы ректор грантының иегерлері:

• Жаппарбергенов Р.У. Жобасының тақырыбы: "Органикалық жерлер үшін өсімдік шаруашылығы және тірі көздерден terrapretanova инновациялық био тыңайтқышын әзірлеу". Сомасы: 2,5 млн. теңге

• Қайырбекқызы А.К. Жобасының тақырыбы: "Символдық регрессия әдісімен квадрокоптерлер тобын басқару жүйелерінің синтезі". Сомасы: 2,5 млн. теңге

• Исламбекұлы Б.И. Жобасының тақырыбы: "Жантақ өсімдігін механохимиялық белсендіру арқылы күріш кебегінен өсімдіктердің өсуінің кремнийлі жемшөп және реттеуші қоспаларын алу". Сомасы: 2,5 млн. теңге

• Ахмедова Г.Б. Жобасының тақырыбы: «Жарма бағытына арналған өнімділігі және сапасы бойынша арпаның бастапқы материалын жасау». Сомасы: 2,5 млн. теңге.

2022 жылғы ректор грантының иегерлері:

• Бекіш Е.Т. Жобасының тақырыбы: "ХІХ ғасырдың екінші жартысы-ХХ ғасырдың басындағы қазақ рухани және зайырлы зиялыларының ағартушылық-педагогикалық қызметі". Сомасы: 1 млн. теңге

•Изтлеуова Ж.Б. Жобасының тақырыбы: "Бастауыш, орта және жоғары білім беру педагогтері үшін психологиялық-педагогикалық терминдердің үш тілді глоссарийін әзірлеу". Сомасы: 1 млн. теңге

•Бимаханов Т.Д. Жобасының тақырыбы: "Қазақ халық педагогикасындағы адамның дене шынықтыру дәстүрі бар студенттерге патриоттық тәрбие беру" атты жобасы. Сомасы: 1 млн. теңге

•Әбікенов Ж.О. "Қазақстанның оңтүстік өңірлері халқының коммуникациялық мәдениетіндегі процестерді мәдени зерттеу". Сомасы: 2 млн. теңге

•Орынбеков Д.Д. "Smart ботаникалық бақты жобалау және іске асыру" (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің мысалында). Сомасы: 2,5 млн. теңге

•Құрманиязов И.С. Жобасының тақырыбы: "Асанас, Қышқала, Арал-асар көне ескерткіштерінен табылған остеологиялық материалдарды ғылыми талдау және өңірлік ортағасырлар кезеңінде жануарлар мен өсімдіктер әлемін зерттеу". Сомасы: 2,5 млн. теңге.

3.4 ПОҚ жарияланымдық белсенділігі және редакциялық-баспа қызметі

Университет ғалымдары қызметінің тиімділігін бағалаудың маңызды критерийі олардың жарияланымдық белсенділігі. Осы орайда ЖОО-да ғалымдардың жарияланымдық белсенділігін арттыру және халықаралық ынтымақтастық бойынша жұмыстар жүргізілуде, бұл университеттің QS World University Rankings және THE (Times Higher Education) жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингтеріне кіруі үшін маңызды индикаторлардың бірі болып табылады.

2018-2022 жылдары университет ғалымдары Scopus (SciVal 2023 жылғы жағдай бойынша) базасында 213 мақала, WEB of Science (InCites 2023 жылғы жағдай бойынша) базасында 120 мақала жариялады. Хирштің максималды индексі Scopus базасы бойынша $H=5$ Web of Science базасы бойынша $H = 5$.

Ғалымдарды ғылыми зерттеулерге ынталандыру мақсатында рейтингі жоғары және әлемдік базаларда индекстелетін журналдарда мақалалары жарияланғаны үшін көтермелеу шаралары көзделген. Scopus және Web of Science басылымдарын талдау нәтижелері бойынша 2021 жылы университеттің 30 авторына жалпы сомасы 8 172,6 мың теңгеге 28 басылым үшін сыйақы берілді. 2022 жылғы басылымдардың нәтижелері CiteScore және JCR журналдарын жаңартқаннан кейін 2023 жылы қаралады.

ЖОО ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін тануға, оның ішінде ғылыми жобаларды уәкілетті органдарда тіркеуге, патенттер мен авторлық куәліктерді ресімдеуге жәрдемдеседі. Мәселен, ПОҚ өткен жылы 16 патент алды. Бүгінгі таңда университет

ғалымдарының 33 патенті Web of Science базасының Derwent Innovations Index құрамына кіреді (патенттердің авторлары мен саны: Бисенов К.А. – 7, Аппазов Н.О. – 6, Удербаетов С.С. – 6, Ақылбеков Н.И. – 2, Нарманова Р.А. – 2, Абжалелов Б.Б. – 1, Кушамбердиева С.Ж. – 1, Қосанов С.У. – 1, Абызбекова Г.М. – 3, Тапалова А.С. – 1, Балықбаева Г.Т. – 1, Еспенбетова Ш.О. – 1, Арынова К.Ш. – 1).

Университетте ПОҚ мен білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жариялау үшін «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы шығарылады. 2023 жылға дейін ауыл шаруашылығы ғылымдары, жаратылыстану ғылымдары, техникалық ғылымдар, білім беру, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар бөлімдері бойынша бірыңғай журнал жылына 4 рет шығарылды.

«Ауыл шаруашылығы ғылымдары» журналының сериясы ғылыми жетістіктердің негізгі нәтижелерін жариялау үшін уәкілетті орган ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген.

2023 жылы ғылыми журналдардың ребрендингі жүзеге асырылды: ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 7 жаңа серия тіркелді. Қазіргі уақытта ISSN алынған сериялар: Chemistry and Chemical Technology; Biological Sciences; Philological Sciences Journal; Математика, физика, информатика пәндерін оқытудың өзекті мәселелері; Техникалық ғылымдар мен технологиялар; «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» сериясы; «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Экономикалық ғылымдар» сериясы.

1992 жылдан бастап ай сайын «Сыр түлегі» газеті шығады.

3.5 Диссертациялық кеңестер

2022 жылдан ҚР ҒЖБМ 2022-2024 жылдарға арналған шешімімен университетте ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау үшін 3 диссертациялық кеңес жұмыс істейді:

- 8D011-Педагогика және психология (1 білім беру бағдарламасы);
- 8D017-Тілдер мен әдебиеттер бойынша мұғалімдерді даярлау (1 білім беру бағдарламасы);
- 8D073-Сәулет және құрылыс (2 білім беру бағдарламасы).

2019 жылдан бастап 18 докторлық диссертация қорғалды, оның ішінде 2021-2022 жылдары 4 диссертация қорғалды:

1. Нұржамал Ермұханова – "Электр энергетикасы" ББ бойынша;
2. Лиза Жүсіпова – "Су ресурстары және су пайдалану" ББ бойынша;
3. Әлия Разакова – "Бизнес және басқару" ББ бойынша;
4. Көктем Ерімбетов – "Сәулет және құрылыс" ББ бойынша.

3.6 "500 ғалым" бағдарламасы бойынша тағылымдама

"500 ғалым" жобасы бойынша "Болашақ" халықаралық бағдарламасы аясында 2022 жылы шетелдік жоғары оқу орындарында 6 ғалым ғылыми тағылымдамадан өтті:

- Тюбинген университеті, Германия (Тажекеев А.А. – философия докторы (PhD));
- Джордж Вашингтон университеті, АҚШ (Жунисов А. Т. – т.ғ.к.);
- А.Е.Арбузов атындағы органикалық және физикалық химия институты, Татарстан Республикасы, Қазан қаласы (Н.И. Ақылбеков – х.ғ.к.);
- К.А.Тимирязев атындағы Ресей аграрлық университеті, Ресей, Мәскеу қ. (Қосанов С.У. – а-ш. ғ. к.);
- М.В.Ломоносов атындағы ММУ, Ресей (Абдимомынова А.Ш. – э.ғ.к.);
- Беларусь мемлекеттік агротехникалық университеті, Беларусь, Минск қ. (Жумадилова Ж. Ш. – философия докторы (PhD)).

1 жеңімпаз 2023-2024 жылдарға кейінге қалдырылды.

2023 жылы құжаттарды 23 үміткер тапсырды. Қазіргі уақытта олар конкурстық іріктеуден өтуде.

3.7 Ғылыми-техникалық кітапхана

Университетте білім алушылардың өз бетінше және оқытушылардың жетекшілігімен жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған. Оларға 5 оқу залы мен 3 электронды оқу залы, заманауи үлгідегі Open Space кітапханасы, сондай-ақ интернет желісіне толық қосылған компьютерлік парк қызмет көрсетеді.

Университеттің Ғылыми кітапханасының жалпы кітап қоры 2 119 193 дананы құрайды.

2020-2021 жылдары жалпы сомасы 19 216,0 мың теңгеге 5388 дана оқу құралы сатып алынды, 2021-2022 жылдары кітапхана қоры жалпы сомасы 38 760,7 мың теңгеге 5710 дана оқу құралымен толықтырылды. 2022-2023 жылдары жалпы сомасы 9 137,9 мың теңгеге 1320 дана оқулық, оқу-әдістемелік құралдар сатып алынды.

2022-2023 жылдары кітапхана қорын зерделеу бойынша жұмыстар жүргізілді, соның нәтижесінде кітапхана қорының есебінен оқу процесінде пайдаланылмайтын, қайта пайдалануға болатын, мазмұны жағынан ескірген, тозған 165 мыңға жуық басылым есептен шығарылды.

2020 жылдың желтоқсанында университеттің электрондық кітапханасын жетілдіру мақсатында "МегаПро" автоматтандырылған интеграцияланған кітапхана жүйесінің жұмысы басталды. "МегаПро" АИБС бағдарламасының артықшылығы электрондық кітапхананы қашықтан пайдалану, қашықтан тапсырыс беру, сондай-ақ оқырманның жеке кабинетінің болуы, "Оқу режимінде" электрондық

басылымдарды пайдалануға авторлық құқықтар сақталған.



Университеттің ғылыми-техникалық кітапханасы Alembook электронды кітапханасымен келісім-шартқа қол қойды (<https://new.alemlibrary.kz/ru>) 5 жылға (жалпы сомасы 12 975 мың теңге). РМЭБ электрондық кітапханасының базасын пайдалану мерзімі (<http://rmebrk.kz/>) 5 жылға ұзартылды. Өзара келісім негізінде <https://zan.kz/деректер> базасын пайдалану мүмкіндігі жасалды.

Кітапхана қорын цифрландыру мақсатында құны 6 496 мың теңге болатын Optima A2 жоғары жылдамдықты сканер сатып алынды. 2022-2023 жылдары кітаптардың электрондық нұсқаларының 647 данасы жасалды, жалпы электрондық базада 9308 дана басылымның электрондық нұсқасы енгізілді.

Студенттер сарайында орналасқан кітапханада күрделі жөндеу жүргізілді, 2022 жылдың қазан айында ол Open Space форматындағы заманауи үлгідегі жаңа кітапхана ретінде ашылды (жалпы құны 53 636,8 мың теңге).

Open Space-те білім алушылар үшін барлық жағдайлар жасалған: 12 орындық компьютер, соңғы үлгідегі ноутбук, 30 орындық конференц-зал, 10 орындық шағын зал және студенттерге арналған жеке орындар бар.

Университеттің профессор-оқытушылық құрамының оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары, әдістемелік нұсқаулары, монографиялары мен электрондық оқулықтарының 95% қазақ тілінде дайындалған.



4. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУ

4.1 Білім алушылармен тәрбие жұмысы

Университеттегі тәрбие жұмысы жыл сайын бекітілген Тәрбие жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылады. Университеттің Студенттік жастар одағының қолдауымен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мақсатында ЖОО-да 24 жастар ұйымы жұмыс жасайды, оның ішінде «Студенттер жастар одағы» қоғамдық бірлестігі, «Jastar Ruhу» жастар қанаты, «Ұлағат ұландары» педагогикалық жасағы, «Ақиқат» саяси пікірталас клубы, «Q-құрамасы» жайдарман командасы, «Қыз Жібек» клубы, «Қазақстан студенттер Альянсы» филиалы, «Қорқыт шақырады» жастар қозғалысы, «Домбыра думан» клубы, «Сыр сымбаты» спорт клубы, «Book club» оқырмандар клубы, «Достық» студенттер клубы, «Жауқазын» жастар театры, «Enactus» клубы, «Good Deed» еріктілер ұйымы, «Сырлы қалам» жас ақындар клубы, «Қыран» еріктілер клубы, «Q-crew» би клубы, «Qorqyt» зияткерлік клубы, «Зерде» ғылыми-жастар қоғамы, «ArtStar» суретшілер клубы, «Q моб» мобилограф клубы, «Саналы ұрпақ» фронт офисі, «Жасыл ел» еріктілер клубы. Сонымен қатар, білім алушылар арасынан Студенттік Парламент құрылған.

Есепті кезеңде 2282 тәрбиелік мақсаттағы іс-шара өткізілді:

Оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Іс-шаралар саны	642	767 (оффлайн-340, онлайн-427)	873

Университет базасында Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жас ақын-студенттердің айтысы, сондай-ақ студенттер арасында пікірсайыс турнирі сияқты республикалық іс-шаралар өткізілді.

Жыл сайын «Студенттік көктем», Жайдарман ойындары, «Университет аруы», «Қолыңды соз», «Мейірімділік-жылы жүректен», «Balmuzdaq PARTY» және басқа да жобалар іске асырылуда.

Қазіргі таңда студенттің өзін-өзі басқарумен қамтылуы білім алушылардың 85 пайызын құрайды:

Студенттік өзін-өзі басқарумен қамту	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
	82%	82%	83%	85%

«Рухани жаңғыру» ұлттық жобасын іске асыру мақсатында университетте облыстық және республикалық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар, кездесулер, кітаптар мен журналдар көрмелер, дөңгелек үстелдер өткізілді, университет студенттері үшін деректі және қысқа метражды фильмдерді көру ұйымдастырылды.

	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Рухани жаңғыру бойынша ЖОО мақалаларының саны	52	70	80	81
Рухани жаңғыру бойынша ЖОО монографияларының саны	7	7	8	9

Жыл сайын университет оқытушылары мен студенттері өлкетану экспедицияларына барады. 2020 жылы 4 экспедиция өткізіліп, оған 36 адам қатысты:

- "Қазалы ауданындағы Жанкент қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу" экспедициясы;
- "Қармақшы ауданындағы Сортөбе қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу" экспедициясы;
- "Сырдария ауданындағы Асанас қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу" экспедициясы;
- "Сырдарияның төменгі ағысында (Б.З. I мыңжылдықта) қалалық мәдениеттің қалыптасу процесінде Арал өңірінің отырықшы-егіншілік тайпаларымен түрік-оғыздардың этномәдени байланыстары" экспедициясы.

2021 жылы "Қазалы ауданындағы Жанкент қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу" (Жанкент) жобасы бойынша экспедицияға 9 адам; 2022 жылы "Қазалы ауданындағы Жанкент қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу" жобасы бойынша, сондай-ақ Тюбинген университетімен бірлесіп "көшпелі білім беру және урбанизация" жобасы бойынша экспедицияларға 39 адам қатысты. Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы: ерте ортағасырлық Жанкент қаласы (Арал теңізі, Қазақстан)" жобасы бойынша 2023 жылы 2 экспедиция жоспарланған (Жанкент, Сортөбе, Асанас).

Өлкетану экспедициясының саны мен қамтылған адамдар	2020 г.	2021 г.	2022 г.	2023 г.
	4/36 адам	1 экс/9 адам.	2 экс/39 адам.	экс/42 адам.

4.2 Спорттағы жетістіктер

Университетте футбол, волейбол, баскетбол, бокс, күрес, теннис, жүзу, шахмат, пауэрлифтинг, фитнес, киберспорт, тоғызқұмалақ, би спорты сияқты 13 спорт секциясы жұмыс істейді.

Университет студенттері қалалық, өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарда айтарлықтай жетістіктерге жетуде. Қазіргі уақытта университетте Әлем чемпионатының 9 жеңімпазы мен жүлдегері, Азия чемпионатының 27 жеңімпазы мен жүлдегері, Қазақстан чемпионатының 120 жеңімпазы мен жүлдегері білім алуда. Жыл сайын университеттің құрама командасы спорттың 20 түрі бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындары арасындағы Универсиадаға қатысады. XI жазғы Универсиаданың қорытындысы бойынша университет спортшылары үздік бестікке кіріп, 46 медаль жеңіп алды.

Университеттің волейбол, баскетбол және футболдан 3 командасы Ұлттық студенттер лигасына қатысады.



4.3 Білім алушыларды әлеуметтік қолдау

Жыл сайын университет білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетеді. Мәселен, 2020-2021 оқу жылында 260 студентке, 2021-2022 оқу жылында 449 студентке, 2022-2023 оқу жылында 546 студентке әлеуметтік қолдау көрсетілді.

2022 жылы "Қазақстан Халқына" қорынан 62 студентке грант бөлінді.

4.4 Ақпараттық жұмыс және рекрутинг

Университеттің Медиа орталығы БАҚ-пен тығыз байланыста. Есепті кезеңде университеттің БАҚ және әлеуметтік желілерінде 3540 материал жарияланды, 5 медиа жоба іске асырылуда.



Университеттің ресми сайты мен логотипінің ребрендингі жүзеге асырылды (2022).

Барлық әлеуметтік желілерде университет беті жұмыс істейді. Рекрутинг және мансап басқармасы құрылды

4.5 «Бизнес-Старт» кәсіпкерлік орталығы

Университетте студенттер мен оқытушылардың стартап жобаларын дамытумен айналысатын "Бизнес-Старт" кәсіпкерлік орталығы жұмыс істейді. Орталықта ағымдағы кезеңде қызметтің түрлі бағыттарында 46 жоба іске асырылуда. Барлық уақытта орталықта 139 жоба іске асырылды, инвестициялардың жалпы сомасы 70 820 000 теңгені құрайды. Есепті кезеңде 52 жұмыс орны, оның ішінде 2020 жылы – 16, 2021 жылы – 16, 2022 жылы – 20 жұмыс орны құрылды.

Бизнес-инкубатор – Қазақстан Энactus республикалық кеңсесінің өкілі, Астана Хаб халықаралық стартаптар технопаркінің өңірлік хабы, ҚР бизнес-инкубаторлар және акселераторлар қауымдастығының мүшесі, Қызылорда облысы бойынша Қазинновацияның НАРИ гранттық бағдарламаларының үйлестірушісі болып табылады. Бизнес-инкубатормен Astana Hub, NURIS, Enactus, Қызылорда АТО серіктестерімен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.



5. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

5.1 Меморандумдар мен халықаралық және өңірлік қауымдастықтарға мүшелік

Университеттің халықаралық байланыстар жөніндегі қызметі әлемдік білім беру және ғылыми қоғамдастыққа кіруге бағытталған. Бұл бағытта шетелдік университеттермен әріптестік байланыстар негізінде халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын іске асыру, бірлескен ғылыми-зерттеу қызметін іске асыру, ғылыми-практикалық конференциялар мен онлайн семинарлар, тренингтер ұйымдастыру, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту жүзеге асырылады.

Университет Еуразиялық-Тынық мұхиты университеттер желісінің (Вена, Австрия), еуропалық жоғары оқу орындары қауымдастығының (Брюссель, Бельгия), Болон процесінің негізі болып табылатын Университеттердің Ұлы Хартиясының (Magna Charta DE Universités) (Болонья, Италия) мүшесі болып табылады. 2011 жылдан бастап университет ТМД-ның 129 университетін (М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей) біріктіретін Еуразиялық ЖОО қауымдастығының мүшесі болып табылады. 2017 жылдан бастап – Азия университеттері қауымдастығының мүшесі (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан), 2019 жылдың сәуір айынан бастап университет Оңтүстік-Шығыс Еуропа экономикалық университеттері қауымдастығының мүшесі болып табылады.

Университеттің халықаралық қатынастар географиясы жыл сайын кеңейіп келеді. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарымен, білім беру және мәдени орталықтармен, жетекші ғылыми орталықтармен, алыс және жақын шет елдердің қорларымен және қоғамдық ұйымдарымен әріптестік байланыстар жолға қойылған. Халықаралық ынтымақтастық саласында 170-ке жуық шарттар мен меморандумдарға қол қойылды.

2020-2023 жылдар аралығында 50 шетелдік университеттермен, білім беру орталықтарымен және халықаралық қорлармен ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттар жасалды және қол қойылды. Мысалы:

- Максим Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті (30.10.2020 ж., Минск, Беларусь);
- Мәскеу қалалық педагогикалық университеті (20.01.2020 ж., Мәскеу, РФ);
- Волгоград мемлекеттік аграрлық университеті (07.02.2020ж., Волгоград, РФ);

- Ұлттық және әлемдік экономика университеті (25.05.2018ж., София, Болгария);
- Молдова экономикалық зерттеулер академиясы (20.10.2020ж., Кишинев, Молдова);
- Балтық Халықаралық академиясы (20.10.2020ж., Рига, Латвия);
- Қазан федералды университеті (2.10.2020ж., Татарстан);
- Самара мемлекеттік техникалық университеті (20.01.2020 ж., Самара, РФ);
- Сакария Университеті (3.02.2020ж., Сакария, Түркия);
- В.С. Соболев атындағы геология және минерология институты, Ресей Ғылым академиясының Сібір бөлімі (22.01.2021ж., Новосибирск, РФ);
- Беларус мемлекеттік информатика және радиоэлектроника университеті (09.08.2021 ж., Минск, Беларусь);
- Дубна мемлекеттік университеті (15.01.2021ж., Мәскеу, РФ);
- Ош мемлекеттік университеті (25.05.2021ж., Қырғызстан);
- Манас қырғыз-түрік университеті (28.10.2021ж., Бішкек, Қырғызстан);
- Бухарест политехникалық университеті (24.05.2021ж., Бухарест, Румыния);
- Кюндун университеті (01.02.2021ж., Косон, Оңтүстік Корея),
- Қытай мұнай университеті (03.04.2021ж., Пекин, Қытай),
- Беларусь мемлекеттік өнер академиясы (08.02.2021 ж., Минск, Беларусь);
- Швейцария бизнес және менеджмент мектебі (26.04.2021ж., Женева, Швейцария);
- Флоренция Университеті (15.01.2021ж., Флоренция, Италия);
- Қазан ұлттық технологиялық зерттеу университеті (01.03.2021 ж., Татарстан);
- Килмес ұлттық университеті (10.05.2021ж., Буэнос-Айрес, Аргентина);
- Гаджа Университеті (12.02.2021ж., Джокарта, Индонезия);
- Насьональдағы Колумбия университеті, (17.05.2021, Богота, Колумбия);
- Аристотель Университеті (02.11.2021ж., Салоники, Греция);
- Әзірбайжан техникалық университеті (24.12.2021 ж., Баку, Әзірбайжан);
- Беларусь мемлекеттік аграрлық-техникалық университеті (29.04.2022 ж., Минск, Беларусь);
- К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті. (13.05.2022ж., Мәскеу, РФ);
- Қ.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті. (13.05.2022ж., Бішкек, Қырғызстан);

- А.Мырсабеков атындағы Ош мемлекеттік педагогикалық университеті. (13.05.2022 ж., Ош, Қырғызстан);
- Қ.Тыныстанов атындағы Ыстықкөл мемлекеттік университеті. (13.02.2022 ж., Қаракөл, Қырғызстан);
- Новосібір мемлекеттік университеті (10.07.2022 ж., Новосибирск, РФ);
- Қажы Байрам Вели атындағы Анкара Университеті (24.08.2022ж., Анкара, Түркия);
- Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті (31.10.2022, Сеул, Оңтүстік Корея);
- Қорқыт Ата Осман университеті (27.10.2022ж., Османлы, Түркия);
- Селчук университеті (15.11.2022ж., Кония, Түркия);
- Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университеті (11.04.2022 ж., РФ);
- Химия-технологиялық және металлургия университеті (19.10.2022 ж., София, Болгария)
- Ұлы Витаутас Университеті (15.01.2023ж., Каунас, Литва);
- Саратов ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті (23.02.2023ж., Саратов, РФ);
- Газиосманпаша университеті (25.01.2023 ж., Токат, Түркия);
- Неміс археологиялық институты (27.01.2023, Берлин, Германия);
- Ташкент ауыл шаруашылығы ирригациясы және механикаландыру инженерлері институты (13.02.2023 ж., Ташкент, Өзбекстан);
- М. Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (19.01.2023 ж., Ташкент, Өзбекстан);
- Самарқанд мемлекеттік шет тілдер институты (01.03.2023 ж., Самарқанд, Өзбекстан);
- Ташкент мемлекеттік экономикалық университеті (02.03.2023 ж., Ташкент, Өзбекстан);
- А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік орыс тілі институты. (2.03.2023 ж., Мәскеу, РФ);
- Халықаралық Түркі академиясы (1.04.2023 ж., Астана, Қазақстан);
- Херсон мемлекеттік аграрлық-экономикалық университеті (1.04.2023 ж., Украина)
- А.С.Пушкин атындағы Брест мемлекеттік университеті. (3.04.2023ж., Беларусь)

Осы келісімдердің негізгі бағыттары академиялық ұтқырлық шеңберінде оқытушылармен, студенттермен алмасу, оқытушылардың біліктілігін арттыру, халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысу, бірлескен білім беру және ғылыми

бағдарламаларды орындау, магистрлерді, аспиранттар мен ғылым докторларын даярлау болып табылады.

5.2 ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламалары және интернационалдандыру саясаты

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Шетелдік ғалымдарды тарту" бағдарламасы бойынша, сондай-ақ университет қаражаты есебінен соңғы 3 жылда оқу процесіне 45 ғалым мен оқытушы тартылды (Ресей, АҚШ, Канада, Түркия, Болгария, Швейцария, Оңтүстік Корея, Сербия, Украина, Өзбекстан).

Университеттің интернационалдандыру саясатын іске асыру мақсатында 2020 жылдан 2023 жылға дейін академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік жоғары оқу орындарына бюджет және өз қаражаты есебінен 54 білім алушы (студенттер, магистранттар) жіберілді.

Қос диплом бағдарламасы бойынша 1 білім алушы Корея Республикасының Каннам университетінде оқуын жалғастырады. Сондай-ақ, 2 магистрант 2023 жылдың 9 ақпаны мен 24 маусымы аралығында Ресей Федерациясының Томск Ұлттық зерттеу политехникалық университетінде бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша оқуға жіберілді.

2022-2023 оқу жылында 3 ерікті – оқытушы жұмыс істейді:

- Ким Рингбом мен Ю Хэ Джин Корея Республикасы Елшілігінің жанындағы білім беру орталығымен келісім шеңберінде Корей тілі бойынша студенттерге сабақ өткізеді;

- Келси Добровольски ағылшын тілінен сабақ береді және американдық Фулбрайт бағдарламасы аясында барлық студенттер мен қала тұрғындары үшін тіл клубтарын ұйымдастырады.

Есепті кезеңде университетте Қытай Халық Республикасынан, Өзбекстан Республикасынан, Ресей Федерациясынан, Түркіменстан Республикасынан және Моңғолиядан 28 шетелдік студент оқыды.

Халықаралық гранттар шеңберінде мынадай білім беру жобалары орындалады:

1. Бірлескен қазақстан-германдық жоба: "GeKaVoc-Қазақстандағы логистика, мехатроника және тұрақты энергиямен жабдықтау үшін кәсіптік және техникалық оқыту технологияларының трансферті". Жобаға Германияның 3 жетекші ЖОО және Қазақстанның 5 университеті қатысады. Жобаны іске асыру мерзімі – 2017-2021 жылдар.

Жоба қаражатына қуаты 5 кВт күн-жел гибриді станциясын сатып алынды. Осы гибриді электр станциясының негізінде "Электр энергетикасы және өміртіршілік қауіпсіздігі" кафедрасында

"Жаңартылатын энергия көздері негізінде энергия үнемдейтін технологиялар" ғылыми-зерттеу зертханасын ашу жоспарлануда.

2. Еуропалық Одақ бағдарламасы аясында ACeSYRI еуропалық біріккен жоба: Эразмус+ информатика саласындағы жас зерттеушілер мен PhD докторанттарға арналған озық орталық. Жобаны іске асыру мерзімі – 2020-2023 жылдар.

Эразмус+ ACeSYRI жобасы үшін университеттің веб-сайтында арнайы бет ашылды, виртуалды порталға қол жеткізілді, ғылыми зерттеулер бойынша докторанттар мен магистранттарға консультациялар жүргізілуде. Осы жоба аясында 2 халықаралық конференция өткізілді (2021 ж. маусым, 2022 ж. маусым), оның нәтижелері бойынша 2 ғылыми еңбектер жинағы жарық көрді. Заманауи жабдықтармен жабдықталған орталық ашылды.

3. Ховест қолданбалы ғылымдар университетімен (Бельгия) студенттер мен ПОҚ алмасу бағдарламасы бойынша Эразмус+ Еуропалық Одақтың халықаралық кредиттік ұтқырлығы жобасы. Жобаны іске асыру мерзімі – 2020-2022 жж.

4. Любляна университетімен (Словения) студенттер мен ПОҚ алмасу бағдарламасы бойынша Эразмус+ Еуропалық Одақтың халықаралық кредиттік ұтқырлығы жобасы. Жобаны іске асыру мерзімі - 2020-2022 жылдар.


5. Мичиган университетімен (АҚШ) "Қазақстан университеттерінде Экология және қоршаған орта туралы ғылымдар бойынша негізгі оқу бағдарламаларын ілгерілету" халықаралық экологиялық жоба. Іске асыру мерзімі-2022 жыл.

2020 жылдың қазан айынан бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде TOEFL өңірлік орталығы жұмыс істейді. 2 жыл ішінде TOEFL ІТР тестін 142 адам тапсырды.

2021 жылдың қараша айында Үндістан тәуелсіздігінің 75 жылдығына орай Қазақстандағы Үндістан Елшілігі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде "Үндістанның достары" атты іс-шара өткізді. Үндістанның Қазақстандағы елшілігі жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығы (SVCC) еліміздің бірнеше қаласында мәдени іс-шаралар ұйымдастырды. Іс-шаралардың мақсаты-Қазақстан мен Үндістан халқы арасындағы мәдени, рухани байланыстарды тереңдету. Мереке аясында университетте SVCC оқытушылары Үнді музыкасы, би және йога бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастырды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің кітапханасында Үндістанның тарихы, дәстүрлері, мәдениеті, танымал тұлғалары туралы 200 кітаппен толықтырылған Үнді кітап бұрышы ашылды.

Корея Республикасы Үкіметінің қаржыландыру есебінен Корея Республикасының Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетімен бірлесіп "ІТ-кафедраларды қайта құрылымдау және

жасанды интеллекттің жаңа мектебін құру" жобасы әзірленді. Жоба 7 жылға (2023-2029) есептелген және оқу процесіне жаңа технологияларды енгізуді, жасанды интеллект және информатика жоғары мектебін құруды, озық университетті құру тәжірибесінің трансфертін көздейді.



6. ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

6.1 Материалдық-техникалық база

Университеттің материалдық-техникалық базасы 10 оқу ғимаратынан, 5 жатақханадан (жөндеудегі №1 жатақхана), Студенттер сарайынан, 6 студенттік асханадан, 2 буфеттен, "Сейхун" спорттық-сауықтыру кешенінен, әскери кафедраның оқу-тактикалық полигонынан, кітапханадан және 8 оқу залынан, коворкинг орталықтан тұрады. Қолда бар алты асханада 5 асхана аутсорсингте.

Университетте жалпы ауданы 21993,4 м² 5 жатақхана (жөндеудегі №1 жатақхана), 716 орындық 2 студенттік жатақхана және 59 пәтерлік оқытушыларға арналған 1 жатақхана бар.

№6 оқу ғимараты апатты жағдайда (ғимарат 1941 жылы салынған). №4 оқу корпусы (ғимарат 1967 жылы салынған), №7 күрделі жөндеуді қажет етеді (ғимарат 1966 жылы салынған). Жаңа ғимарат салу және ғимараттарды күрделі жөндеу Республикалық бюджеттен қолдауды қажет етеді.

№1 жатақхананың техникалық зерттеп-қарау және техникалық жағдайын бағалау барысында жабдықтар мен ғимаратының тозуын 70% - ға жеткендігін анықтап, ҚР ПУ, ҚР БК 404-106-2013 талаптарына сәйкес еместігін көрсетті. №1 жатақхананы күрделі жөндеуге 986270,4 мың теңге жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Университеттің жабық спорт ғимараттарының ауданы 6486, 71 м² құрайды, оның ішінде "Сейхун" спорттық-сауықтыру кешені, онда жаттығу залы, 25x11м жүзу бассейні және футбол залы бар. Университетте жалпы ауданы 10567 м² жазғы ашық спорт ғимараттары бар.

Университет студенттері мен қызметкерлерін тамақтандыру үшін жалпы ауданы 3206,8 м² 750 орындық 6 асхана жұмыс істейді, оның ішінде 5 асхана аутсорсингте. Жөндеу жұмыстары мен университеттің асханаларын жалға алушылармен жарақтандыру үшін 28615,1 мың теңге инвестиция салынды.

Білім алушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету және профилактикалық жұмыс үшін университетте жалпы ауданы 109 м² медициналық орталық бар, ол қажетті медициналық жабдықтармен және дәрілік препараттармен жабдықталған.

Мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу үшін 456 орындық акт залы бар және жалпы ауданы 1900,31 м² Студенттер сарайы бар.

Ауданы 4,38 га агробиологиялық учаскенің аумағында аграрлық мамандықтар, биология және химия студенттерін оқыту және канадалық технология бойынша жергілікті шикізат негізінде жылыжай дақылдарын өсіру үшін пайдаланылатын жылыжай

шаруашылығы орналасқан. Экологиялық таза өнім топырақсыз негізде өсіріледі.

Әскери кафедраның оқу-тактикалық полигонының ауданы 75 га құрайды, мұнда 7 га жерде база орналасқан: әскери штаб, санитарлық үй-жайлар, 300 орындық асхана. Бұл аумақ инженерлік коммуникациялармен: су құбыры желілері-тереңдігі 400 м жерасты ұңғымасынан сумен жабдықтау: сыйымдылығы 25 м³ темірбетон септикке ағызылатын кәріз желілерімен жабдықталған.

Цифрландыру жағдайында білім беру қызметтерін инновациялық дамытуға бағытталған интеграцияланған ақпараттық ортаны қалыптастыру үшін 2021-2025 жылдарға арналған "Виртуалды университет" тұжырымдамасы әзірленді.

2020-2022 жж. аралығында инфрақұрылымды жаңарту, 2023 жылға жоспар

6.1.1 кесте. Негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстар, мың теңге

№	Атауы	жылдар			
		2020	2021	2022	2023, жоспар
1	Зертханалық жабдықтар	35 460,5	47 854,4	136527,2	129 518,6
2	Кітап және оқу әдебиеттері	5 326,6	42 982,2	34 964,1	30299,5
3	ІТ инфрақұрылымын дамыту	152 755	50 845	206389,5	410437,9
4	Оқу жиһаздары	9 975,1	13 035,3	80 947	35 880,7
5	Басқа да негізгі құралдар	6 485,8	30 456,5	30067,2	28 816,6
	Барлығы	210 003	185 173,4	488895	634 953,3

6.1.2 кесте. 2020-2023 жж. жөнделген аудиториялар мен кабинеттер саны

№	Атауы	Жылдар			
		2020	2021	2022	2023, жоспар
1	Жөнделген аудиториялар мен кабинеттер саны	13	31	42	39
2	Орындалған жұмыс көлемі, мың теңге	32 682,3	37 896,0	65 143,9	129 518,6

6.1.3 кесте. 2020-2023 жж. демеушілер тарту арқылы жөнделген аудиториялар мен кабинеттер саны

№	Атауы	Жылдар			
		2020	2021	2022	2023, жоспар
1	Жаңартылған аудиториялар мен кабинеттер саны	1	2	9	11
2	Орындалған жұмыс көлемі, мың теңге	8 000	22 000	144 000	150 000

Демеушілердің қаражаты есебінен 2020-2022 жылдары күрделі жөндеу жүргізіліп, жалпы 174 млн. теңгеге 12 аудитория, 1 футбол алаңы ашылды:

- 1) Корей бұрышы-8 млн. теңге;
- 2) Е.Н. Нұрахметов атындағы дәрісхана - 12 млн. теңге;
- 3) ЕО Эразмус + бағдарламасы аясында ACeSYRI жобасының орталығы - 10 млн. теңге;
- 4) А.Е. Ерназаров атындағы дәрісхана - 2,5 млн. теңге;
- 5) А. Ерғалауов атындағы дәрісхана - 14 млн. теңге;
- 6) Су шаруашылығы мұражайы - 57 млн. теңге;
- 7) Ж.І. Асанов атындағы дәрісхана -3 млн. теңге;
- 8) Х.Е. Нұғманова атындағы этнопедагогика дәрісханасы - 1,2 млн. теңге;
- 9) К. Сәдуақасова атындағы Химияны электронды оқыту кабинеті/ Химия дидактикасы кабинеті- 36 млн. теңге;
- 10) А.С. Тапалова атындағы Жалпы және биоорганикалық химия зертханасы - 16 млн. теңге;
- 11) Halyk Bank атынан - 5,2 млн. теңгеге футбол алаңы;
- 12) А.С. Саданов атындағы Микробиология және вирусология кабинеті - 8 млн. теңге.

6.1.4 кесте. Университеттің инфрақұрылымын жаңғыртуға 2020-2023 жж. бөлінген қаражаттың жалпы сомасы, мың теңге

№	Атауы	Жылдар			
		2020	2021	2022	2023
1	Жаңғыртуға бөлінген қаражат	253 463,5	255 027,8	698 038,9	914 471,9

2020 жылы 35 460,5 мың теңгеге зертханалық жабдықтар сатып алынды:

- 1) "Математика" кабинеті – 6704,3 мың теңге
- 2) Робототехникалық конструктор, мобильді робот – 4179,1 мың теңге

3) Бағдарламаланатын квадрокоптер конструкторы – 1150,9 мың теңге,

4) "Журналистика" кабинеті – 19240 мың теңге

5) Жел-күн станциясы, метеостанция – 4186,2 мың теңге

IT инфрақұрылымын дамытуға – 152 755 мың теңге:

1) Компьютерлер (230 дана) – 71 237,2 мың теңге

2) Ноутбуктер (8 дана) – 2614,2 мың теңге

3) Ұялы телефондардың толқындарын өшіру құрылғысы – 2256 мың теңге

4) Теледидар – 139,8 мың теңге

5) Веб-камера – 256,3 мың теңге

6) Проектор – 2179,2 мың теңге

7) Сервер – 7747,8 мың теңге

8) LED экран – 7100 мың теңге

9) Студенттер сарайына арналған компьютерлік музыкалық аппаратура – 12 220 мың теңге

10) Интерактивті панельдер (10 дана) – 30023,6 мың теңге

11) 24 портқа арналған коммутатор (15 дана) – 455,4 мың теңге

12) WiFi кіру нүктесі (12 дана) – 966,3 мың теңге

13) Планшеттер және басқа жабдықтар – 15559,2 мың теңге

Оқу жиһазы, жалпы 9 975,1 мың теңге:

1) Оқу парталары мен орындықтары (16 дана) – 239,9 мың теңге

2) Орындықтар (100 дана) – 2350,0 мың теңге

3) Оқушы үстелдері мен орындықтары (7 дана) – 174,8 мың теңге

4) Жатақханаға арналған дивандар (18 дана) – 1603,4 мың теңге

5) Фойеге арналған орындықтар (62 дана) – 1607 мың теңге

6) Жатақханаларға арналған кереуеттер мен өзге де жиһаздар - 4000 мың теңге

Басқа да негізгі құралдар – 6485,8 мың теңге (кондиционерлер, тоңазытқыштар, сорғылар, тұрмыстық құралдар және т.б.).

Жөндеу жұмыстары – 32 682,3 мың теңге.

Оқу үдерісін жүргізу үшін оқу ғимараттары мен жатақханаларды жұмыс жағдайында ұстау мақсатында 2020 жылы 32682,3 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

"Сейхун" спорттық-сауықтыру кешені шатырына күрделі жөндеу жүргізілді – 21 112,7 мың теңге. №5 оқу ғимаратының №100 аудиториясын жөндеуге – 7 590,2 мың теңге.

2020 жылы оқу ғимараттарының, жатақханалардың, Сейхун спорттық-сауықтыру кешенінің, "Жігер" студенттік кафесінің жылу жүйелеріне жалпы – 590,9 мың теңгеге жөндеу жүргізілді. № 5-оқу ғимаратының бақылау-өткізу пунктін металл қаптамамен қаптау

бойынша жұмыстар – 409,6 мың теңге. Бас оқу-әкімшілік ғимаратының 2-қабатының санитарлық тораптарын жөндеу жұмыстары - 2978,9 мың теңге.

2021 жылы 47 854,4 мың теңгеге зертханалық жабдықтар сатып алынды:

1) «Стрелец-4» атыс даярлығының оқу-жаттығу кешені (әскери кафедра) – 1039,2 мың теңге

2) Әскери кафедраға арналған гранатометші стрелкасының тренажері – 32365,7 мың теңге

3) Жер бетінің ауданын талдаушы, ыдыстармен толықтырылған планетарлық диірмен («Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейінді зертхана үшін) – 14449,1 мың теңге.

IT инфрақұрылымын дамытуға – 50845 мың теңге:

1) Моноблок (15 дана) – 3 225 мың теңге

2) Ноутбук (5 дана) – 1798,5 мың теңге

3) Интерактивті тақта (15 дана) – 10718,4 мың теңге

4) Веб-дизайнердің жұмысына арналған компьютер (1 дана) – 1 276,7 мың теңге

5) Үстелде орналасқан желілік тренажерлер (12 дана) - 10680 мың теңге

6) Кәсіби көпфункционалдық түсті принтер - 6395,2 мың теңге

7) Көпфункционалды монохромды МФУ (1 дана) – 5 406,3 мың теңге

8) Samsung UE32T4500AUXCE LED теледидары (8 дана) – 824,9 мың теңге

9) Epson Sure Color SC-t3100x плоттер (1 дана) – 1280,9 мың теңге

10) Хаб контроллер (8 дана) – 835,9 мың теңге

11) Құлаққаптар (50 дана) – 576,8 мың теңге

12) Қатты дискілер (34 дана) – 901,2 мың теңге

13) Компьютерлерге арналған жиынтықтауыштар, хаб және перефириялық құрылғылар – 4950,6 мың теңге

14) Портативті компьютерлер (10 дана) – 1974,6 мың теңге

Оқу жиһазы, жалпы 13 035,3 мың теңге:

1) Әскери кафедраға арналған асхана үстелі (20 дана) – 627,2 мың теңге

2) Әскери тумбочка (80 дана) – 1236,5 мың теңге

3) Әскери кафедраға арналған екі деңгейлі темір төсек (60 дана) – 3225,6 мың теңге.

4) Жатақханаға арналған жиһаз – 7946 мың теңге

Басқа да негізгі құралдар – 30 456,5 мың теңге:

- 1) Тік жолақты аралау станогы – 9900 мың теңге
- 2) Бұрғылау-толтырғыш станок – 3281,7 мың теңге
- 3) Шағын қаптау автоматты станогы – 5793,8 мың теңге,
- 4) Форматты-кесу станогы – 3614,3 мың теңге
- 5) Өнеркәсіптік тігін машинасы 2в1 Зигзак және тікелей тігетін (5 дана) – 3000 мың теңге
- 6) Hansa fcew53001 электр плитасы (6 дана) – 651,8 дана
- 7) Indesit its 5180 W тоңазытқышы (8 дана) – 1369 мың теңге
- 8) Инклюзивті білім беру кабинеті үшін брайль бойынша алфавит-қалып (2 дана) – 33,6 мың теңге
- 9) Инклюзивті білім беру кабинеті үшін фибро-оптикалық тактильді тақта – 187,6 мың теңге
- 10) Инклюзивті білім беру кабинеті үшін құммен сурет салуға арналған ағаштан жасалған жарық үстелі – 187 мың теңге
- 11) Екі жақты мөлдір мольберт мөлшері H150w60 инклюзивті білім беру кабинеті үшін -175,4 мың теңге
- 12) Инклюзивті білім беру кабинеті үшін "ClearReader+" оқитын машина – 879,2 мың теңге
- 13) Спорттық құрал жабдық – 1383,1 мың теңге.

Ағымдағы жөндеу – 37896 мың теңге.

2021 жылы 37896 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді, оның ішінде: № 122 аудиторияны ағымдағы жөндеу-7838,8 мың теңге. "Студенттер сарайы" кітапханасын ағымдағы жөндеу жұмыстары – 9128 мың теңге, 2021-2022 жылдарға арналған оқу ғимараттары мен жатақханаларды жылыту маусымына дайындау бойынша сантехникалық жұмыстар -3944,5 мың теңге, №2 оқу ғимаратын ағымдағы жөндеу – 4234,1 мың теңге, №2 жатақханаларды ағымдағы жөндеу (3 қабат) – 4000 мың теңге, "Студенттер сарайы" мен аудиториялардың пластикалық терезелері ауыстырылды – 2689,9 мың теңге, Оқу аудиториялары мен жатақханаларды ағымдағы жөндеу – 6060,7 мың теңге.

2022 жылы 136527,2 мың теңгеге зертханалық жабдықтар сатып алынды:

1. «Математика» кабинеті – 2641,7 мың теңге
2. «Электромагнетизм» зертханасы – 10 368,8 мың теңге
3. «Молекулалық физика механикасы» зертханасы – 11410,7 мың теңге
4. «Атом физикасының оптикасы» зертханасы – 13842,9 мың теңге
5. «Пайдалы қазбалар кен орындарының геологиясы» оқу кабинеті – 5240 мың теңге
6. «Пайдалы қазбаларды өндіру» оқу кабинеті – 19983 мың теңге

7. «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасы үшін сантехникалық жабдықтар мен құбырларды монтаждау технологиясы» оқу-зертханалық стенд-тренажері – 5033,4 мың теңге

8. «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасына арналған желдету жүйелері» оқу-зертханалық стенд-тренажері -5889 мың теңге

9. «Жас электрик» кабинетін жабдықтауға арналған жабдық (желілік күн электр станциялары, манекен-тренажерлер, тұрғын контейнер және т.б.) – 12528,5 мың теңге.

10. Материалдық-техникалық жарақтандырылған мультимедиялық лингафондық кабинеттер-39 393 мың теңге

11. Агрономия зертханалық жабдығы- 10196,2 мың теңге.

IT инфрақұрылымын дамытуға – 206389,5 мың теңге:

Өз қаражаты есебінен:

1) Моноблок (8 дана) – 4 535,6 мың теңге

2) Интерактивті тақта (15 дана) – 28 125 мың теңге

3) Ноутбук (80 дана) – 43 646,6 мың теңге

4) Сұйық кристалды smartтелевизорлар (11 дана) – 2341,8 мың теңге

5) Сервер үшін Сервер және карта контроллері (1 дана) – 4929,1 мың теңге

6) Сиялы түсті, ультракүлгін роликті принтер (2 дана) – 7476,7 мың теңге

7) Планшет (11 дана) – 669,9 мың теңге

8) Конференция өткізуге арналған мамандандырылған жүйе (5 дана) – 16 666 мың теңге

9) Проектор (1 дана) – 200 мың теңге

10) Цифрлық сканер (1 дана) – 6 496 мың теңге

11) Сандық фотоаппарат, кәсіби фольгиратордың фотопринтері, Фото жарқыл – 1312 мың теңге.

12) 3D принтер – 3400 мың теңге.

13) Турникеттер (18 дана) – 34200 мың теңге

14) Веб-камера (180 дана) – 3 238,2 мың теңге

15) Компьютерлер, wi-Fi және т.б. үшін жиынтықтауыштар – 18034,7 мың теңге

16) «ОрепSpace» кітапханасының цифрлық жабдығы және басқалары – 6 350 мың теңге.

Демеуші қаражаты есебінен:

1) Моноблок (18 дана) – 4 013,3 мың теңге

2) Сенсорлық панель (2 дана) – 3 199,8 мың теңге

3) Компьютер (10 дана) – 8 506,8 мың теңге

4) Интерактивті тақта (4 дана) – 9 048 мың теңге

Оқу жиһазы 80947 мың теңге:

- 1) Жатақханаға арналған керуеттер (105 дана) – 4 256,3 мың теңге
- 2) Жатақханаға арналған жұмсақ дивандар (4 дана) – 2020 мың теңге
- 3) Оқытушы креслосы (16 дана) - 573 мың теңге
- 4) Оқушы партасы (74 дана) - 2500 мың теңге
- 5) Компьютерлік және зертханалық үстелдер (109 дана) – 7062,5 мың теңге
- 6) Зертханалық үстелдер (38 дана) – 6898,6 мың теңге
- 7) Оқушы орындықтары (740 дана) – 16 343 мың теңге
- 8) Төсек жанындағы орындық (әскери кафедра) (140 дана) – 3137 мың теңге
- 9) Жеке жұмыс аймағына арналған журнал үстелдері (12 дана) – 780 мың теңге
- 10) Жатақханалық ас үй гарнитурасы (12) – 5 044 мың теңге
- 11) Жатақханалық шкафтар (20 дана) – 5 631,5 мың теңге
- 12) Кітап сөресі (68 дана) – 7 257,8 мың теңге
- 13) «ОрепСрасе» кітапханасының жиһазы -19443,3 мың теңге.

Басқа да негізгі құралдар -30067,2 теңге:

1. Билет басып шығару құрылғысы – 3740,8 мың теңге
2. Станок-гильотина – 5308,1 мың теңге
3. «Жас электрик» даярлау бағдарламасы бойынша тұрғын үй контейнері – 2888 мың теңге
4. Қабырғалық кондиционерлер саны 16 дана – 3 035,7 мың теңге.
5. Дәнекерлеу аппараты, ауырсоқпалы балға, бетон араластырғыш, шөп шабатын машина, перфоратор және т. б. – 734 мың теңге.
6. Зертханалық таразы – 698,4 мың теңге.
7. Дауыс зорайтқыш – 3 062 мың теңге.
8. Жылыту қазандығы – 3 000 мың теңге.
9. Радиомикрофон – 4 776 мың теңге.
10. Суасты сорғысы – 1 927,6 мың теңге.
11. Ағаштан, құрылыс ормандарынан жасалған рельс, бұрыштық тегістеуіш – 896,6 мың теңге.

Ағымдағы жөндеу – 65143,9 мың теңге

Өз күшімізбен 2022 жылы 65 143,9 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді, оның ішінде: бас оқу-әкімшілік ғимаратында №101 дәріс аудиториясына, конференц-залға және 3 әкімшілік кабинетке – 1792,4 мың теңге.

№1 оқу ғимаратында 1400,8 мың теңгеге 10 аудитория мен №214 криминалистика зертханасына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№2 оқу ғимаратында 383,8 мың теңгеге 2 аудиторияға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№4 оқу ғимаратында «Физика және математика» кафедрасының 4 зертханасына -694,2 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№5 оқу ғимаратына «Жас электрик» деген 2 кабинетке – 12528,5 мың теңгеге, «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының 2 зертханасына – 426 мың теңгеге, үлкен дәріс аудиториясына – 12 309 мың теңгеге, 3 дәріс аудиториясына 2 220,7 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№6 оқу ғимаратында 2 173 мың теңгеге 1 және 2 қабаттағы дәліздердің тігін және ағаш өңдеу цехтарының кабинеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Студенттер сарайында «ОрепSpace» кітапханасы ашылды.

№8 оқу ғимаратында 21 926 мың теңгеге жатақхананың төсек-орындарын ашу үшін 3,4,5 қабатты қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

№9 оқу ғимаратында 820,8 мың теңгеге 2 аудиторияға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№1 жатақхананың Студенттік қалашығында 744,1 мың теңгеге 1 аудиторияға жөндеу жүргізілді.

Оқу ғимараттары мен жатақханалардың қасбеттері жөнделді. Бас оқу-әкімшілік ғимаратында 3 840 мың теңге, №8 оқу ғимаратында 2 880 мың теңге және №2 жатақханада 1 004,6 мың теңгеге құрылыс материалдары пайдаланылды.

2023 жылы демеушілікпен №1 оқу ғимаратында 2 аудитория жөнделді: Ө. Козбеков атындағы № 300 аудитория 2 908,7 мың теңге, Ұ.Жанбершиева атындағы №207 аудитория 3 500 мың теңгеге.

Егер, 2020 жылы жалпы 32682,3 мың теңгеге 14 объектіде ағымдағы жөндеу жүргізілсе, 2022 жылы жалпы 65143,9 мың теңгеге 51 объектіде жөндеу жүргізілді. Жөнделген нысандардың саны 2020 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 3 есеге, ал жөндеу шығындары 2 есеге артты.

Жыл басында жүргізілген және 2023 жылға жоспарланған жөндеу жұмыстарының көлемі 218 324 мың теңгені құрайды, оның ішінде:

Бас оқу-әкімшілік ғимаратында-аудиторияларды ағымдағы жөндеу, су құбыры мен жылыту жүйелерін ауыстыру, пандустар құру - 37 888,1 мың теңгеге, № 1 оқу ғимаратында - аудиторияны ағымдағы жөндеу, пандустар құру, кіру фойесі, спорт залы, № 2 оқу ғимаратында - аудиторияны ағымдағы жөндеу, пандустар құру, № 3 оқу ғимаратында-аудиторияны ағымдағы жөндеу, № 4 оқу ғимаратында-аудиторияны ағымдағы жөндеу, су құбыры мен жылу жүйелерін ауыстыру, пандустар мен тамбур құру, № 5 оқу ғимаратында-аудиторияны ағымдағы жөндеу, су құбыры мен жылу жүйелерін ауыстыру, дәліз, газ жылыту қазандығы, № 6 оқу ғимаратында - аудиторияны ағымдағы жөндеу, су

құбыры мен жылу жүйелерін ауыстыру, спорт залы, қоршау құрылысы, № 7 оқу ғимаратында - су құбыры мен жылу жүйелерін ауыстыру, фойе мен дәліз, электр кабелін ауыстыру, № 8 оқу ғимаратында- аудиторияны ағымдағы жөндеу, су құбыры мен жылу жүйелерін ауыстыру, пандустар құру, № 3 жатақханада - су құбыры мен жылу жүйелерін ауыстыру шатырды, №4,5 бөлмелерді, акт залы, спорт залы, 1,4,5 қабатты душ бөлмесін ағымдағы жөндеу, № 5 жатақханада- бөлмелерді ағымдағы жөндеу, су құбыры мен жылу жүйелерін ауыстырылады.

6.2 Қаржылық қамтамасыз ету

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қаржылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, университет Жарғысы негізінде жүзеге асырылады, ішкі құжаттармен, есеп саясатымен және университеттің 2020-2024 жылдарға арналған Даму жоспарымен реттеледі.

6.2.2-кесте. 2020-2023 жж. арналған қаржы шаруашылық жұмыстың нәтижелері, мың тенге

№	Көрсеткіштер	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж жоспары
1	Кіріс	2393711,7	3531100	4688420	5835200
2	Шығыс Оның ішінде.:	2361391	3067858	4277729	5783600
2.1	Өзіндік құн	1820019,4	2503337	3643804	4906264
2.2	Әкімшілік шығыстар	265193,5	390576	505147	565560
2.3	Негізгі емес қызметтің шығысы	276178,1	173945	128778	311776
3	Таза табыс	32320,7	463242	410691	51600

Университеттің кірісі мемлекеттік білім гранты, шарттар бойынша білім беру қызметтерін көрсетуден түскен қаражат, ғылыми-зерттеу жұмыстары, негізгі емес қызметтен түскен басқа да кірістерден (жатақханада тұру ақысы, «Сейхун» спорт және демалыс кешені, курстар, семинарлар, полиграфиялық және басқа қызметтер) тұрады.

Университетті қаржыландырудың негізгі көзі білім беру қызметінен түсетін кірістер болып табылады, оның үлесі 93 пайыздан астам. ЖОО кіріс құрылымы 6.2.3-ші кестеде көрсетілген.

6.2.3 кесте. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2020-2023 жж. арналған кіріс құрылымы

№	Кіріс түрлері	2020 ж		2021 ж		2022 ж		2023 ж жоспары	
		Сомасы, мың теңгемен	Жалпы кіріс құрылымындағы үлесі %	Сомасы, мың теңгемен	Жалпы кіріс құрылымындағы үлесі %	Сомасы, мың теңгемен	Жалпы кіріс құрылымындағы үлесі %	Сомасы, мың теңгемен	Жалпы кіріс құрылымындағы үлесі %
	Бюджет қаражаты								
1	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету	878883,8	36,7	1493346,2	42,3	2244480	47,9	3177510	54,5
2	Студенттердің академиялық ұтқырлығы			5355,5	0,2	7330,7	0,2	9000	0,2
4	Университеттің оқытушылық қызметіне шетелдік мамандарды тарту			5168,5	0,1	5011,3	0,1	10000	0,2
5	Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру	71221,9	3,0	106839,0	3,0	123215	2,6	129649,1	2,2
	Жалпы бюджет қаражатының түсімдер жиыны	950105,7	39,7	1610709,2	45,6	2380037	50,8	3326159,1	57,1
	Бюджеттен тыс қаражаттар								
6	Ақылы білім беру	1339567	56	1780198	50,4	2060692,5	44	2248588	38,5
7	Бюджеттен тыс негізде ғылыми жобаларды қаржыландыру	37330,1	1,5	23510	0,7	49637,5	1,1	70350,9	1,2
8	Басқа ақылы білім беру қызметтерін көрсету	66709,4	2,8	116683,1	3,3	198053	4,1	190101,9	3,2
	Бюджеттен тыс қаражаттардың жалпы түсімдері	1443606,0	60,3	1920390,8	54,4	2308383	49,2	2509040,9	42,9
	БАРЛЫҒЫ	2393711,7	100	3531100,0	100	4688420	100	5835200	100

Республикалық бюджеттен қаржыландыру екі бюджеттік бағдарламадан тұрады.

2020 жылы 204 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету" бағдарламасы, 100 "Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" кіші бағдарламасы бойынша қаржыландыру 878883,8 мың теңгені құрады;

- 055 "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету" бағдарламасы, 101 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы бойынша -71221,9 мың теңге.

2021 жылы қаржыландыру:

- 204 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету" бағдарламасы, 100 "Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" кіші бағдарламасы бойынша 1610709,2 мың теңгені құрады (оның ішінде білім алушыларды даярлауға – 1493346,2 мың теңге, білім алушылардың академиялық ұтқырлығы – 5355,5 мың теңге, шетелдік мамандарды оқытушылық қызметке тарту -5168,5 мың теңге);

- 055 "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету" бағдарламасы, 101 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы бойынша-106839 мың теңге.

2022 жылы қаржыландыру:

- 204 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету" бағдарламасы, 100 "Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" кіші бағдарламасы бойынша 2256822 мың теңгені құрады (оның ішінде білім алушыларды даярлауға – 2244480 мың теңге, білім алушылардың академиялық ұтқырлығы – 7330,7 мың теңге, шетелдік мамандарды оқытушылық қызметке тарту - 5011,3 мың теңге);

- 055 "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету" бағдарламасы, 101 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы бойынша - 123215 мың теңге.

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда кірістің өсуі 1137388,3 мың теңгені немесе 47,5% - ға құрады. 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда өсім 1157320 мың теңгені құрайды немесе 33%-ға өсті. Соңғы 3 жылда университеттің табысы білім алушылар контингентінің ұлғаюы есебінен 2 есеге өсті.

Бюджет қаражатының үлесі 51% құрайды, ал қалған бөлігі бюджеттен тыс қаражатқа тиесілі. Университеттің кірістер құрылымында соңғы 3 жылда бюджет қаражаты үлесінің 2020 жылдан бастап 40% - дан 2022

жылы 51% - ға дейін ұлғаюы байқалады, бұл білім беру гранты бойынша білім алушылар контингентінің ұлғаюына байланысты.

Білім алушылар контингентінің ұлғаюы, сондай-ақ басқа да ұсынылатын ақылы жұмыстар мен қызметтерден түсетін түсімдердің ұлғаюы табыстың ұлғаюына әкелді. 2022-2023 оқу жылында студенттерді қабылдау 958 адамға артты.

2019 жылдан бастап жергілікті бюджеттен бакалавриат бағдарламалары бойынша 75 студентті оқыту қаржыландырылады. Мәселен, 2020 жылы қаржыландыру 74 256,7 мың теңгені, 2021 жылы - 84660,2 мың теңгені, 2022 жылы - 84559,5 мың теңгені құрады, 2023 жылы 69629,0 мың теңге жоспарлануда.

Табыстың келесі бабы - ғылыми-зерттеу жұмысы. 2022 жылы университетте 18 ғылыми жоба іске асырылды, оның ішінде ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыру шеңберінде – 9 жоба, ЖАО қаржыландыру (облыстық бюджет) – 3 жоба, ҒЗТКЖ – 2 жоба, шаруашылық келісім-шарттық – 2 жоба, Халықаралық – 2 жоба. 2020-2022 жылдардағы ғылыми – зерттеу жұмысынан түсетін кірістер 4-% құрайды.

6.2.4 кесте. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2020-2023 жж. арналған ғылыми қызметін қаржыландыру, мың теңге

№	Атауы	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж жоспары
	<u>Бюджет бойынша</u>				
1	Гранттық қаржыландыру жобалар бойынша ҚР ҒЖБМ	71 221,9	106 839	123 215	129649,1
	<u>Жергілікті бюджет</u>				
1	019 "Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасы бойынша	-	-	31 762,5	
2	Қызылорда облыстық мәдениет, архив және құжаттама басқармасының тапсырысы бойынша	28 100,0	7 100,0	6 700,0	26 662,0
	<u>Халықаралық жобалар</u>				
1	"Горизонт-2020" бағдарламасы бойынша халықаралық қаржыландыру "Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алу үшін суда еритін инновациялық фитоматериалдар - ингибиторлар" жобасы	-	16 400,0	16 000,0	
2	Халықаралық қордың қаржыландыруы (Неміс гуманитарлық-зерттеу қоры(DFG))	9230,1	-	1 939,6	8 643,6
	<u>Шаруашылық келісім-шарт негізінде</u>				
1	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ)			10 000,0	
2	Ғылыми-зерттеу шаруашылық келісім-шарты негізінде			1 574,9	35045,3
	Университет б/ша жалпы жиыны	108 552	130 349	191 192	200000

6.2.4 кестеден көріп отырғанымыздай, 2020-2023 жылдарға арналған ғылыми жобаларды қаржыландыру екі есеге артты (2020 жылы – 108 552 мың теңге, 2022 жылы – 191 192 мың теңге). 2023 жылы қаржыландыру 200 000 мың теңге деңгейінде жоспарлануда.

Университеттің шығыстар құрылымы 6.2.5 кестеде көрсетілген.

6.2.5 кесте Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2020-2023 жылдарға арналған шығыстар құрылымы

№	Шығын элементтері	2020 ж		2021 ж		2022 ж		2023 ж жоспары	
		Сомасы, мың теңге	у / шығын құрылымындағы салмақ %	Сомасы, мың теңге	у / шығын құрылымындағы салмақ %	Сомасы, мың теңге	у / шығын құрылымындағы салмақ %	Сомасы, мың теңге	у / шығын құрылымындағы салмақ %
1	Материалдық шығыстар	107882,4	4,6	105502	3,4	109 351	2,6	189509	3,3
2	Негізгі құралдар мен жабдықтарға есептен шықан шығыстары	17772,7	0,8	1715,5	0,1	30432	0,7	54000	0,9
3	Қызметкерлердің еңбекақысын төлеу	1439281,2	61	1852791	60,4	2853849,1	66,7	3406838	58,9
4	Еңбекақйдан аударымдар	137023,4	5,8	161620,7	5,3	259029	6,1	279360	4,8
5	Амортизациялық шығыстар	72464,5	3,1	110016	3,6	430503	10,1	490800	8,5
6	Коммуналдық шығыстар	67516	2,9	65890,5	2,1	100843	2,4	88700	1,5
7	Іс-сапар шығыстары	43294,2	1,8	70390,4	2,3	71849,6	1,7	100066	1,7
8	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да аударымдар	2385,3	0,1	2897,8	0,1	6736	0,2	31910	0,6
9	Байланыс және интернет қызметтері	4853,3	0,2	4487	0,1	19995,2	0,5	15440	0,3
10	Өрт қауіпсіздігі	5138,6	0,2	14266	0,5	35800	0,8	34674	0,6
11	Басқа шығыстар (жұмыстарды, қызметтерді қоса алғанда)	463779,4	19,5	678281,1	22,1	359341,1	8,3	1092303	18,9
	Барлығы:	2361391	100	3067858	100	4277729	100	5783600	100

2022 жылы университеттің шығындары 2020 жылмен салыстырғанда 1,8 есеге өсіп, 4277729 мың теңгені құрады. 2023 жылы шығындарды 5783600 мың теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда.

2020 жылы материалдарды шығыстар 107882,4 мың теңгені, 2021 жылы 105502 мың теңгені, 2022 жылы 109351 мың теңгені құрады.

Негізгі құралдар мен жабдықтарға есептен шықан шығыстары 2020 жылы 17772,7 мың теңге құрады, 2021 жылы – 1715,5 мың теңге, 2022 жылы -30432 мың теңге. Коммуналдық шығыстар 2020 жылы 67516 мың теңгені, 2021 жылы – 65890,5 мың теңгені, 2022 жылы – 100843 мың теңгені құрады.

Басқа шығыстар 2020 жылы – 463779,4 мың теңге, 2021 жылы – 678281,1 мың теңге, 2022 жылы – 359341,1 мың теңге.

Соңғы 3 жылда университеттің шығындар сметасында жалақы қоры жалпы шығындардың 60-67% құрайды. Тиісінше, еңбекақыдан аударымдар мен әлеуметтік салық, әлеуметтік төлемдер және МӘМС сияқты салықтар да артқан.

6.2.6 кесте. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті қызметкерлерінің құрамы, саны және еңбекақысы

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2020 жылға	2021 жылға	2022 жылға	2023 жылғы жоспары
1	Қызметкерлердің жалақысы	мың теңге	1439281,2	1852791	2853849,1	3406838
	оқытушы-профессорлық құрам	мың теңге	949343	1251746	2048980,7	2455947
	әкімшілік персонал	мың теңге	227197,6	305791	401897	444951
	оқу көмекші персонал	мың теңге	84005,8	98312	152538	212660
	басқа және қызмет көрсету персоналы	мың теңге	178734,8	196942	250433,4	293280
2	Орташа жылдық жалпы саны _ _	бірлік	937	984	1079	1085
	соның ішінде:	бірліктері				
	оқытушы-профессорлық құрам	адам/персонал үлесі %	469/50	547,5/55,7	559,25/51,9	581/53,6
	әкімшілік персонал	адам/персонал үлесі %	110/11,7	112/11,4	113/10,5	113/10,4
	оқу көмекші персонал	адам/персонал үлесі %	85/9,1	87,5/8,9	97/9	96/8,9
	басқа және қызмет көрсету персоналы	адам/персонал үлесі %	273/29,2	237/24	309,75/28,6	295/27,1
3	Орташа айлық жалақы, университет бойынша барлығы	мың теңге	127,9	155,01	225,1	236,8
	оқытушы-профессорлық құрам	мың теңге	161,89	216,15	288,7	295,7
	әкімшілік персонал	мың теңге	159,04	203,53	256,9	272,4
	оқу қосалқы персоналы	мың теңге	80,46	91,02	128,4	159,6
	басқа және қызмет көрсету персоналы	мың теңге	107,15	108,68	115,3	136,5

6.2.6 кестеден көріп отырғанымыздай, 2022 жылы жалақы қоры 2020 жылмен салыстырғанда 1414567,9 мың теңгеге немесе 2 есеге өсті. 2023 жылы жалақы қоры 3406838 мың теңге мөлшерінде жоспарлануда.

Құрылымы бойынша штаттық кестесі 4 блокқа бөлінген. 2022 жылы негізгі персоналдың жалақысы 2048980,7 мың теңгені, әкімшілік-басқару персоналының жалақысы-401897 мың теңгені, оқу-көмекші персоналдың жалақысы-152538 мың теңгені, өзге де қызмет көрсетуші персоналдың жалақысы – 250433,4 мың теңгені құрайды.

"Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес жыл сайын университет қызметкерлеріне сауықтыруға материалдық көмек төленеді.

Университет қызметкерлерінің нақты саны 2022 жылы 1079 штаттық бірлігін құрайды, оның ішінде ПОҚ – 559,25 штаттық бірлігі, оқу-көмекші персонал – 97 штаттық бірлігі, әкімшілік тұлғалар – 113 штаттық бірлік басқа да және қызмет көрсету персоналы –309,77 штаттық бірлігі.

Университеттің ПОҚ жалақысының өсуі 6.2.7.кестеде келтірілген

6.2.7 кесте. Университеттің ПОҚ жалақысының өсуі

№	Қызмет атауы	2020 ж			2021 ж		
		1.09.2019 жылға, теңге	1.09.2020 жылға, теңге	өсімі +/-	1.01.2021 жылға, теңге	1.09.2021 жылға, теңге	өсімі +/-
1	Оқытушы	71450	102227	30777	102227	203604	101377
2	Аға оқытушы	80521	166460	85939	166460	230751	64291
3	Қауым.профессор (доцент)	124827	190846	66019	190846	274906	84060
4	Профессор	173273	249743	76470	249743	394346	144603

Кестеден 2020 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 2020 жылдың қыркүйегінде профессор-оқытушылар құрамының жалақысының өсуі 44-51% құрағанын көруге болады. Сонымен қатар, 2020 жылдың наурыз айында профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 25-40%-ға алғашқы өсуі болғанын атап өткім келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №122 бұйрығына сәйкес 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап университет ПОҚ жалақысы 60-90%-ға, қалған қызметкерлер бойынша 25%-ға ұлғайды, бұл өз кезегінде еңбекақы төлеу қорының ұлғаюына әкелді. Осылайша, ПОҚ-ның орташа жалақысы 2-2,5 есе өсті (мысалы, 2020 жылы өтілі бір жылға дейінгі оқытушының жалақысы 10227 теңге, 2022 жылы – 203604 теңге).

Сондай-ақ 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап әкімшілік-басқару, оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персоналдың барлық қызметкерлеріне жалақы 25%-ға ұлғайтылды.

2021 жылы университет пен Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімі арасында жалпы ауданы 938 751,8 м² болатын 49 жыл мерзімге 14 бірлікке уақытша пайдалану құқығымен жалдау шарты жасалды. Жыл сайынғы жалдау ақысы 2 539,3 мың теңгені құрайды (6.2.8 кестені қараңыз).

Қорыта айтқанда, университеттің қаржылық жағдайы тұрақты, университет қызметі үшін қарызға қаражат тартылмаған, ұзақ мерзімді дебиторлық және кредиторлық берешек жоқ.

6.2.8-кесте. Қызылорда жер қатынастары бөлімімен жасалған шарт негізінде жалға алынған жер учаскелері

№	Мекен-жайы және жер телімі	Көлемі, га	Объектінің мақсаты	Комиссияның хаттамалық шешімі	Кадастрлық нөмірі	Бір жылға жалдау құны, мың теңге
1	Төле би көшесі, №36	1,0509	Оқу ғимараты мен жатақханаға арналған	02.09.2021 № 1402	10-156-004-844	131,4
2	Ажарова көшесі, №34	1,5816	Оқу ғимаратын салу және қызмет көрсету үшін	02.09.2021 № 1402	10-156-002-3715	197,7
3	Ажарова көшесі, №23	4,38	Агробиологиялық және суармалы полигонның орналасуы	02.09.2021 № 1402	10-156-002-791	547,5
4	Амангелді көшесі, №60	1,2516	Оқу ғимараты үшін	02.09.2021 № 1402	10-156-005-376	156,4
5	Жақаев көшесі, №3	0,9289	Оқу ғимараты үшін	02.09.2021 № 1402	10-156-009-441	116,1
6	Әйтеке би көшесі, №29А	0,23835	Оқу ғимараты үшін	02.09.2021 № 1402	10-156-009-440	29,8
7	Жақаев көшесі, №11	1,61647	Оқу ғимараты үшін	02.09.2021 № 1402	10-156-004-845	202
8	Әйтеке би көшесі, №29 Н	0,0688	Спорт залының құрылысына	02.09.2021 № 1402	10-156-009-1596	8,6
9	Назарбаев көшесі, №15	5,9961	Оқу ғимараты мен жатақханаға арналған	02.09.2021 № 1402	10-156-003-536	749,5
10	Әбілқайыр хан көшесі, №50 А	1,4159	Оқу ғимараты үшін	02.09.2021 № 1402	10-156-004-843	177
11	Әйтеке би көшесі, №29 М	0,06	Асхана салу үшін	02.09.2021 № 1405	10-156-009-2464	7,5
12	Ажаров көшесі, №36 Б	0,07653	Оқу ғимаратын салу және қызмет көрсету үшін	02.09.2021 № 1404	10-156-002-3267	9,6
13	Ажарова көшесі, №36 А	0,21003	Оқу ғимаратын салу және қызмет көрсету үшін	02.09.2021ж. № 1403	10-156-002-3266	26,2
14	Сырдария ауданы Амангелді ауылдық округі	75	Оқу-жаттығу полигоны үшін	02.09.2021ж.№1 403	10-153-024-068	180
	Барлығы	93,87518				2539,3

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ИНДИКАТОРЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ТАЛДАУ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»КеАҚ 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы отырысында бекітілді, №4 хаттама.

Даму стратегиясын орындау мақсатында университетте жыл сайын оперативті жоспар әзірленеді, оның мониторингі тоқсан сайын жүргізіледі, нәтижелері жедел жиналыстарда баяндалады. Даму стратегиясының индикаторларының орындалуы жыл сайын Директорлар кеңесінің отырысында қаралады.

1-кесте. Даму стратегиясын орындауда 2021 жылдың қорытындысы

Стратегиялық бағыт	Жалпы көрсеткіштер	Дайын	Орындалмаған	Ішінара орындалды	% орындалды
1.Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың әлеуетін арттыру	10	10	-	-	100
2.Оқу қызметін инновациялық қамтамасыз ету	38	37	-	1	97
3.Инновациялық экожүйені дамыту	23	23	-	-	100
4. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік серіктестікті дамыту	13	13	-	-	100
5.Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру	4	4	-	-	100
6.Инфрақұрылымды жаңғырту	12	12	-	-	100
БАРЛЫҒЫ	100	99	-	1	99

Бірінші стратегиялық бағыт бойынша Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың әлеуетін арттыру, 10 индикаторды жүзеге асыру жоспарланып, олар толығымен орындалды.

Сондай-ақ:

- Эндаумент қоры құрылды;
- ұлттық рейтингтерде позициямызды нығайттық, университет Республиканың үздік он университетінің қатарына енді;
- Бизнес құрылымдардың үлесі 9-дан 11 пайызға дейін ұлғайтылды;
- Сондай-ақ, педагогикалық қызметкерлер мен қызметкерлердің еңбекақысы өсті.

Білім беру қызметін инновациялық қолдауда екінші стратегиялық бағыты бойынша 38 индикатор жоспарланған, оның 37-сі толық, 1 көрсеткіш жартылай орындалды.

Есепті кезеңде:

Қазақстан Республикасының Білім беру бағдарламаларының тізілімінде 61 бакалавриат, 35 магистратура, 13 докторантура БББ тіркелді. 19 БББ тізілімнен шығарылды ;

- бүгінгі таңда университеттің 109 БББ-сының 102 - сі аккредитациядан өтті, бұл 93 пайызды көрсетеді;

- 2021-2022 оқу жылына қабылдау есебінен университет студенттерінің контингенті көбейді;

- Есепті жылы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру 100 пайыз қамтамасыз етілді. Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығында 20 курс ұйымдастырып, онда 185 адам оқытылды.

- Жаппай ашық онлайн курстарды дамыту бойынша жұмыс басталды. Қазіргі уақытта 4 онлайн-курсы дайындалуда: Insurance; Корпоративтік қаржы; Бизнестегі мемлекеттік сатып алу жүйесі; Математика 1.

Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан) ішінара орындалды, бұл Зейнетақы төлеуі жөніндегі мемлекеттік орталық мәліметі бойынша 72,2 пайыз (жоспарда 75 пайыз) құрайды.

Келесі стратегиялық бағыт – инновациялық экожүйені дамыту. 23 индикаторды жүзеге асыру жоспарланып, оның барлығы толығымен орындалды.

Есепті кезеңде университетте жалпы құны 130,5 млн. теңгені құрайтын 13 жоба жүзеге асырылды, оның ішінде 11 жоба республикалық бюджеттен, бір жоба жергілікті бюджеттен және Халықаралық грант есебінен («Инновациялық суда еритін фитоматериалдар - Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алу және ингибиторлары» - Горизонт-2020 Мария Складовская-Кюри).

Коммерцияланған жобалардың үлесі жобалардың жалпы санынан 23 пайызға дейін өсті («НеоХимТех» ЖК – 2 жоба (100 мың теңге), «ЖасаАгро» ЖК – 1 жоба (50 мың теңге).

Барлығы – 13 жоба, Коммерцияланған – 3 жоба, $3 \cdot 100 : 13 = 23 \%$

Есепті кезеңде 2 көрсеткіш бойынша көрсеткіштер асыра орындалды:

Алынған қазақстандық патенттер саны (жоспарлы – 12, орындалды – 20);

Рейтингтің жарияланымдар саны (жоспарланған – 80, орындалған – 90).

Стратегиялық жоспарға жаңа көрсеткіш қосылды. Цифрлық платформаны пайдалана отырып, жүргізілген зерттеулердің үлесі (жобалардың жалпы санынан). Осы көрсеткіш бойынша университетте «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға психологиялық-

педагогикалық қолдау көрсету бойынша ата-аналарға арналған мобильді қосымшаны құрудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы 1 гранттық қаржыландыру жобасы жүзеге асырылуда (ғылыми жетекшісі – Ж.Сапарқызы).

Тәрбие жұмысы мен әлеуметтік әріптестікті дамыту стратегиялық бағытының барлық 13 көрсеткіші толығымен орындалды.

Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру стратегиялық бағыты бойынша 4 индикатор жоспарланған, олар толығымен орындалды. Бұл бөлімде 2021 жылы оқу процесіне 3 шетелдік ғалым тартылған, жоғары Хирш индексі бар тартылған шетелдік ғалымдардың үлесіне жаңа көрсеткіш енгізілген:

1. Филимонов Вячеслав-Ұлыбритания, Суррей университеті, h -19,
2. Клычова Гузалия Салихқызы-Қазан мемлекеттік аграрлық университеті, h -12,
3. Галкина Ирина Васильевна- РФ Қазан федералды университеті, h - 12.

Алтыншы стратегиялық бағыт «Инфрақұрылымды жаңғырту» бойынша 12 индикатор жоспарланған, олар да толығымен орындалды.

Кітапхана қорын жаңа өзекті басылымдармен, ғылыми әдебиеттермен және жаңа буын оқулықтарымен толықтыру көрсеткіші 2 есеге (2863-тен 5766-ға дейін) артты.

Оқу және ғылыми зертханаларды дамытуға жұмсалған шығындардың үлесі артты.

Қорыта айтқанда, 100 жоспарлы көрсеткіштің 99 көрсеткіші толық, 1 көрсеткіші жартылай орындалды

Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың әлеуетін арттырудың бірінші стратегиялық бағыты бойынша толығымен орындалған 12 индикаторды іске асыру жоспарлануда.

Сондай-ақ:

- британдық Quacquarelli Symonds (QS) компаниясы жүргізген Азия университеттерінің рейтингісінің (QS Asia University Rankings - 2023) нәтижелері бойынша университет Азиядағы ең үздік университеттердің ТОП-551-600 қатарына енді;

АРТА өткізген Қазақстан Республикасы ЖОО-на сұраныстың Тәуелсіз рейтингі-2022 қорытындысы бойынша университет 8-орынға ие болып, Республиканың үздік ондығына кірді;

- «KorkytAtaEndowment» корпоративтік қоры толық бастады. Оның шотына 5 190 740 теңге қаражат түсті, бұл университеттің жалпы кірісінің 0,1 пайыз құрайды ;

Оқу үдерісіне тартылған бБизнес құрылымдардың үлесі ұлғайтылды, жоспарланған 10 пайыз, орындалған – 12,3 пайыз (58 адам).

Екінші стратегиялық бағыт бойынша, Білім беру қызметін инновациялық қолдау бойынша 28 индикатор жоспарланған, оның 28-і толығымен орындалды.

2 кесте. Даму стратегиясын орындауда 2022 жылдың қорытындысы

Стратегиялық бағыт	Жалпы көрсеткіштер	Дайын	Орындалмаған	Ішінара орындалды	% орындалды
1.Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың әлеуетін арттыру	12	12	-	-	100
2.Оқу қызметін инновациялық қамтамасыз ету	28	28	-	-	100
3.Инновациялық экожүйені дамыту	16	16	-	-	100
4. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік серіктестікті дамыту	10	10	-	-	100
5.Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру	5	3	2	-	60
6.Инфрақұрылымды жаңғырту	9	9	-	-	100
БАРЛЫҒЫ	80	78	2	-	98

Есепті кезеңде:

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) Аккредиттеу кеңесінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ отырысының шешімімен халықаралық институционалдық аккредиттеуден 5 жыл мерзімге өткен деп танылды;

- ҚР БББ тізілімінде жаңа 4 бакалавриат БББ (әкімшілік әділет, география-тарих, автоматтандыру және басқару, журналистика), 1 магистрлік БББ (Мұнай-газ ісі) тіркелген;

- 2022-2023 оқу жылынан бастап Томск политехникалық университетімен магистратура бойынша 3 бірлескен білім беру бағдарламалары: Экология; Технологиялық машиналар мен жабдықтар; Бейорганикалық заттардың химиялық технологиялары жүзеге асырылуда;

- ЖОО студенттерінің контингенті өсуде (2021 жылы – 8053 адам, 2022 жылы – 9014 адам);

- Есепті кезеңде дарынды оқушылардың үлесі 7,9 пайызға дейін өсті (58 - «Алтын белгі» иегері, 147 - і үздік аттестат, 13 - і «Елбасы» медалі, 4-і республикалық пән олимпиадасының жеңімпаздары. 2021 жылы – 3 пайызды құрады);

- Мақсатты жұмыс жасау нәтижесінде шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілі деңгейін

растайтын халықаралық сертификаттары бар профессорлық-оқытушылар құрамының үлесі 7 пайызды құрады (2021 ж. – 3,7%).

Келесі стратегиялық бағыт – инновациялық экожүйені дамыту. 16 индикаторды жүзеге асыру жоспарланып, оның барлығы толығымен орындалды.

Есепті кезеңде университетте барлығы 191,2 млн.теңге жоба жүзеге асырылды, оның ішінде 9 жоба республикалық бюджеттен, 6 жоба жергілікті атқарушы органдар мен бизнес өкілдері есебінен, 2 жоба – Халықаралық грант есебінен.

Есепті кезеңде 2 индикатор бойынша көрсеткіштер асыра орындалды: Алынған қазақстандық патенттер саны (жоспарланған – 12, орындалған – 18); Қызметкерлер мен білім алушылар іске асырған startap жобалар саны (жоспарланған – 32, орындалған – 44).

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік әріптестікті дамыту стратегиялық бағытының барлық 10 индикаторы толығымен орындалды.

Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру стратегиялық бағыты бойынша 5 Индикатор жоспарланған, оның ішінде 3 индикатор-толық орындалды, 1 ішінара орындалды, 1-орындалмады:

-Студенттердің жалпы санынан ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттердің үлесі-университеттің Ғылыми Кеңесінің 26.01.2023 ж. шешімімен академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға 15.02.2023 жылға дейін осы индикаторды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындау тапсырылды;

- Шет елдерде өкілдіктер/кеңселер ашу – Өзбекстандағы Қазақ мәдениет орталығы базасында университет өкілдігін ашу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Алтыншы стратегиялық бағыт бойынша инфрақұрылымды жаңғырту бойынша 9 индикатор жоспарланған, олар да толық орындалды. Атап өтілді: - Кітапхана қорын жаңа өзекті басылымдармен, ғылыми әдебиеттермен және жаңа буын оқулықтарымен толықтырудың өткен жылмен салыстырғанда 40%-ға өсуі (2021 жылғы 2863 данадан 2022 жылғы 4149 данаға дейін).

- ЖОО-ны дамытуға тартылған инвестициялар үлесін ұлғайту, оқу және ғылыми зертхананы дамытуға арналған шығыстар үлесі. Қорыта айтқанда, жоспарланған 80 индикатордың 78-і толық орындалды, 1 индикатор ішінара орындалды, 1 орындалмады. Университеттің 2022 жылғы Стратегиялық даму жоспарының орындалуы 98% - құрады.

ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Материалдық-техникалық база бойынша	Шығу жолдары
№6 оқу корпусының апатты жағдайы (ғимарат 1941 жылы салынған). №4 оқу корпусы (ғимарат 1967 жылы салынған), №7 күрделі жөндеуді қажет етеді (ғимарат 1966 жылы салынған) №1 жатақхананы қайта құру және күрделі жөндеу қажеттілігі - Инфрақұрылымды дамыту үшін жеке инвесторлар тарапынан инвестициялар үшін жоғары білім беру саласының төмен тартымдылығы	- Жаңа ғимараттың құрылысына және күрделі жөндеуге республикалық бюджеттен қолдау қажет №1 жатақхананы күрделі жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленді. Жөндеу жұмыстарының құны-986,27 мың теңге. Жөндеу университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен жүргізілетін болады - Жоғары білім беру саласына қаражат салу үшін инвесторларды ынталандыратын заңнаманы өзгерту қажет
Ғылыми-білім беру қызметі бойынша	Шығу жолдары
- ПОҚ-ның шет тілдерін (атап айтқанда, ағылшын тілін) меңгеруінің төмен деңгейі; - Кадрлардың қартаюы және жас мамандардың үлкен қалаларға көшуі; - Микро біліктіліктер мен өсіп келе жатқан дәрежелерді беру тетіктерінің болмауы; - Технологияларды коммерцияландырудың төмен деңгейі; - Жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан ҒЗТҚЖ-ны әлсіз қолдау	- Университет тегін ағылшын тілі курстарын ұйымдастырды - КРІ жүйесі енгізілді, жас ғалымдарды ынталандыру және қолдау шаралары енгізілді - Осы біліктіліктерді әзірлеу бойынша негіздемелік (үлгілік) нұсқаулықтар қажет - Бизнес-серіктестерді тарту, сондай-ақ ғалымдардың "Ғылым қоры"АҚ питчингтеріне қатысуы бойынша жұмыстар жүргізілуде - Өңірлік университетпен келісім-шарттық міндеттемелер шеңберінде ҒЗТҚЖ-ға қаражат бағыттауды міндеттейтін заңнаманы өзгерту талап етіледі
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАР ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ	
Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңына, Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңына, Арнайы қорғау дәрежесін талап ететін баспа өнімін берушілерді айқындау, сондай-ақ олардан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1162 қаулысына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарға Салыстырмалы кесте 1 қосымшада	

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМ МІНДЕТТЕР

- Жаңа кәсіптер атласын, өңірдің қажеттіліктерін және академиялық адалдық қағидаттарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жетілдіру;
- "Болашақ" бағдарламасының жас ғалымдары мен түлектерін тарту арқылы талант-менеджментті енгізу;
- Университеттің ПОҚ және қызметкерлерін көтермелеу және ынталандыру жүйесін одан әрі дамыту;
- Университеттің интернационалдандыру стратегиясын одан әрі іске асыру;
- "Виртуалды университет 4.0" тұжырымдамасын іске асыру;
- Студенттердің креативті идеялары мен әлеуметтік бастамаларын қолдау;
- Университеттің материалдық-техникалық базасын одан әрі дамыту;
- Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын іске асыру.

Басқарма Төрағасы-Ректор

Б.С. Каримова

САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңына, Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңына, Арнайы қорғау дәрежесін талап ететін баспа өнімін берушілерді айқындау, сондай-ақ олардан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1162 қаулысына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарға

№	Құрылымы	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Ескерту
Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы				
	2 бап	2-бап. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы 1. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. 2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. 3. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен реттелген құқықтық қатынастарға: 1) аккредиттеу органының көрсетілетін қызметтерін; 2) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен	2-бап. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы 1. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. 2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. 3. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен реттелген құқықтық қатынастарға: 1) аккредиттеу органының көрсетілетін қызметтерін; 2) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім	2 баптың 3 тармағын 5 тармақшамен толықтыру

		кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды; 3) мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерін сатып алу бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды. Бұл ретте мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалады; 4) сатып алынуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобада айқындалған тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыстарды, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.	алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды; 3) мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерін сатып алу бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды. Бұл ретте мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалады; 4) сатып алынуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобада айқындалған тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыстарды, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді 5) ЖОО оқу зертханаларымен, оқу кабинеттерімен, оқу қондырғыларымен, метариалдық техникалық жабдықтауға қатысты тауарлар, қызметтер, жұмыстарды сатып алу бөлігінде, егер олар өндіруші зауыттың ресми дистрибьюторларынан сатып алынатын болса Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.	
Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңы				
	41 бап	41-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру 1. Осы Заңның <u>39-бабының</u> 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның <u>13-бабы</u> 1-тармағының 1), 2),	41-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру 1. Осы Заңның <u>39-бабының</u> 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның <u>13-бабы</u> 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де	Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңына сәйкестендіру

		3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.	тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады. 1-1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алуға мүмкін болмауы өнім берушілерде тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңына сәйкес айрықша құқықтарды растайтын құжаттардың болуымен расталады.	
Арнайы қорғау дәрежесін талап ететін баспа өнімін берушілерді айқындау, сондай-ақ олардан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1162 қаулысы				
12,15,16,17,30,31 тармақтары	12. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілетін мемлекеттік үлгідегі диплом 15. Магистр дәрежесі берілетін жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі диплом 16. Бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін мемлекеттік үлгідегі диплом 17. Дипломға үш тілдегі қосымшалардың (транскрипт) мемлекеттік үлгідегі бланкілері 30. Бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі диплом (жай) 31. Бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі үздік диплом	12. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілетін диплом 15. Магистр дәрежесі берілетін жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом 16. Бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін диплом 17. Дипломға үш тілдегі қосымшалардың (транскрипт) бланкілері 30. Бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом (жай) 31. Бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы үздік диплом	«мемлекеттік үлгідегі» сөздерін алып тастау	

